e-mail: kostanaytany@mail.ru www.kostanaytany.kz

# Қостанай таңы

Облыстық газет 1922 ж. 25 маусымнан шыға бастады

24 тамыз 2018 ж. жұма №98(18746)

КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

# Табыс көзі түйеде

Кенже ҚОНЫСБАЙ

**Қазақтың жылқыдан кейін қадірлейтін түлігі – түйе. "Нары бардың, малы бар" деп айтуы да бекер емес. Сүті мен еті, түгі мен жүнінен бөлек, көшпелі халықтың былайғы тұрмысына, көші-қонына қолайлы болған. Жұрт санасында "сахараның сұлуы", "дала кемесі" деп танылған түйе теріскей аймақта да өрістеп келе жатыр.**

Тобылдың Таран ауданының тұсын тіліп өтетін бір сағасында Юбилейный деген ауыл бар. Бұл елді мекен кеншілер қаласының маңынан орын тепкен. Осынау аядай ғана ауылда Алмат Нұрмаханов Ойсылқара төлін түлетіп отыр. Әл-әзір кәсіптің кенжелеп тұрған түрін қолға алған азамат бізге өзінің шағын шаруашылығын көрсетті.

– Мен Өзбекстанның Үшқұдық деген қазақ ауылында туып-өстім. Ол жақ шөлейт жер. Басты кәсіп – түйе шаруашылығы. Тек 2003 жылы Рудныйға қоныс аудардым. Мамандығым – агроном. Ерте жастан малға жақын өстік. Үнемі аңсарым ауып тұрғасын қалада ұзақ тұрақтамай, іргедегі Юбилейныйға көшіп келдік. Біраз жыл Соколов-Сарыбай кен байыту орнында еңбек еттім. Ойлана келе, жеке кәсіпке бет бұрғанды жөн санадым. Қарасам, Қостанай төңірегінде мұндай кәсіпті дөңгелетіп жүрген ешкім жоқ.

2-бет

**Суретті түсірген Бердіболат КӨРКЕМБАЕВ.**

ЖОЛДАУ

# Басты тақырып – білім

Қымбат ДОСЖАНОВА

**Жыл сайынғы қалыптасқан жағдайға сәйкес, жаңа оқу жылының қарсаңында Қостанай облысындағы педагогтардың тамыз кеңесі өтті. Мұғалімдердің басты жиынына облыс әкімі Архимед Мұхамбетов төрағалық еткен болатын. Сондай-ақ ҚР Білім және ғылым министрлігінің өкілі Нұрбек Әбубекұлы қатысып, өңірдің ұстаздарын келе жатқан білім күнімен құттықтады.**

Пленарлық отырыста "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында цифрландыру" және Қостанай облысының білім беру жүйесін дамытудың мүмкіндіктері сөз болды. Білім басқармасы басшысының орынбасары Ольга Киселева мінберге шығып, Қостанай облысының білім беру саласының жетістіктері, проблемалары және міндеттері туралы баяндады. Оның айтуынша, өткен оқу жылында қысқа күн жұмыс істейтін шағын орталықтарды толық күнге ауыстыру мәселесі басты назарға алынған. Биылғы жылдың соңына дейін облысқа қарасты қалалар мен аудандардың әкімдеріне 31 шағын орталықты толық күнге ауыстыру тапсырмасы беріліпті. Алдағы қыркүйек айында 21 шағын орталық толық күнге ауыспақ.

Білім беру саласын цифрландыру мақсатында балабақша кезегін автоматтандыру қолға алыныпты. Электронды кезекті қолданысқа енгізу үшін Қостанай, Лисаков, Рудный, Жітіқара, Қамысты және Қостанай аудандарында қаржы қарастырылған. Облыстың барлық өңірлерінде электронды Күнделік пен BilimLand онлайн платформасы белсенді қолданысқа енгізілген. Бұл да цифрландырудың жарқын көрінісі. Елбасының "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" мақаласында айтылған өзекті ойларды іске асыру мақсатында облыс бойынша 21 робот техникасы кабинеті ашылды.

3-бет

**Суретті түсірген Б.АХМЕТБЕКОВ.**

БАС РЕДАКТОР ӘЛЕМІ

**Жанұзақ АЯЗБЕКОВ**

# Ел сөзінен...

● Қазіргі ғалымдар көптеген еркектердің әйелдік қасиетке ие болғанын, сыртта тірлік істеуден гөрі үйде ас ішіп, теледидар көріп, көбірек демалатынын айтады. Сондай-ақ, еркектердің қимылында ғана емес, бет-әлпетінде де әйелдерге тән нәзіктік пайда болғанын жазады.

● Ресей жаңа туған балаға ана капиталы ретінде 10 мың доллар береді. Беларустар да осылай жасады. Саны аз халық бізге неге осылай жасамасқа? Бізге "демографиялық қор" құру керек. Халықтың саны өсу үшін – ұлттық қордан қыруар қаражат бөліп отыру керек.

● Елімізде қазақ халқы бүгінде 70 пайызға жақын, егер санымызды көбейтсек, 2030 жылдары 90 пайыз болады деген болжам бар. Ендеше мемлекеттік демографиялық бағдарлама қабылдайтын уақыт пісіп жетілді.

● " Істейін десем – жұмыс жоқ, туайын десем – асырау қиын, тұрайын десем – баспана жоқ. Ал сіз маған өз күніңді өзің көр дейсіз! "

● Сонау өткен ғасырдағы халық әні:
Күн жауғалы келеді-ау, бұлт айналып,
Сақау озды шешеннен-ау тіл байланып.
Мәстек озып тұлпардан бәйге алды ғой,
Кеткенің бе, дүние-ай шыр айналып.
Қазір ше?..

● Қазіргі ер мен әйел: отбасында екеуі де қызметкер, екеуі де табыс табушы, екеуінің де бала-шағасына құқығы бірдей. Бірақ екеуара – бәсеке. Отбасы кеме десек, соның капитаны кім болуы керек?

● Ел ішінде көрінбей қалған, еленбей жүрген тұлға-таланттарымыздың бетін ашу керек. Ұлтты оятатын тұлғаларын, зиялыларын, ғалымдарын халық әлі көрмей жүр.

● Біреулерді өмірге өзіндік қөзқарасы жоқ, биязы да момын, зиянсыз жақсы адам деп жатады. Меніңше, бұл қауіпті кісі, ол өзгенің қолжаулығына тез-ақ айналады.

● Өлімнің біздің өмірімізге тұк қатысы жоқ: біз тірі жүргенде өлім жоқ, ал өлім келгенде біз жоқпыз.

● Жүрегі сұлу адам ғана өзгелердің бойынан сұлулықты байқайды.

● Есіңізден шығармаңыз, әр адамның өз шындығы бар. Ол сіздікімен сәйкес келмеуі мүмкін.

● Адамның бәрі жұлдыз, бірақ жарқырап жану бәрінің қолынан келмейді.

● Мен адамдардың аштығынан қорықпаймын, Мен адамдардың тоқтығынан қорқамын.

● Кедейшілік ұят емес, қайыршылық ұят.

● Жұмысбасты пенде біткен билікті пір тұтуға бейім тұрады.

● Билік мінезін өзгертпейтін адамды табу қиын.

● Қазір әлемді үлкен өтірік қаулап алды.

● Қазақ түйені жүгендемейді, көп малды түгендемейді.

● Түйедей бойың бар, түймедей ойың жоқ.

● Қартайғанда қазымыр болмай, қазына болғанға не жетсін.

● Ең жақсы отбасы: әйелі – соқыр, күйеуі – керең.

● "Қайсыбір жүйрік аттардың бүйірінде артық сүйектер болады".

● "Құлынды қарында емес, көкірегінде ұстайтын биелер бар".

● Сүйгеннің сезімі бағаланбай, сүймегенге табындырып қояды.

**(Жалғасы бар).**

ПАРТИЯ ТЫНЫСЫ

# Қостанайлықтармен кездесті

**Қымбат ДОСЖАНОВА**

**ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары тамыз айының 20-29 аралығында аймақтарды аралап, сайлаушылармен кездесетін болады. Осы мақсатта біз-дің облысымызға жерлес депутаттар Ирина Аронова, Әлия Сапарова және Иван Клименко келді. Мәжілісмендер облыстың 13 өңірін аралап, еңбек ұжымдарымен кездеспек.**

Халық қалаулылары іс-сапардың алғашқы күнінде "Нұр Отан" партиясы облыстық филиалының белсенділерімен кездесіп, салиқалы сұқбат құрды. Олар жұмыс сапарының мақсат-міндеттерімен таныстырып, "Президенттің бес әлеуметтік бастамасын" жүзеге асыру төңірегінде пікір алмасты.

– Парламенттің үшінші сессиясы табысты аяқталды. Сессия жұмысында 128 заң жобасы қаралды. Соның 65-не Елбасы қол қойып, құжаттар өз күшіне енді. Солардың қатарында "Президенттің бес әлеуметтік бастамасы" Үндеуін жүзеге асыру бойынша қабылданған заң жобалары болды. Сондай-ақ салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" және "Кедендік реттеу туралы" кодекстер қа-былданды. Бес әлеуметтік бастаманы іске асыру бағытында Қостанай облысында тиісті жұмыстардың жасалып жатқанынан хабардармыз. Студенттерді жатақханамен қамту көрсеткіштері де жаман емес, – деді Ирина Аронова.

Мәжілістегі экономикалық реформа және өңірлерді дамыту жөніндегі комитеттің мүшесі Әлия Сапарова алдағы уақытта елімізде халық санағы жүргізілетінін айтты. Оған көптеген өзгерістердің енгізіліп жатқанын хабарлады. Партия қабырғасындағы кездесу сұрақ-жауап түрінде жалғасты.

**Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.**

ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДА

# Жастар жобалары топ жарды

**Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ**

Жыл сайын дәстүрге айналған ҮЕҰ арасындағы облыстық әлеуметтік идея мен жобалар жәрмеңкесіне Арқалық қаласынан 14 жоба ұсынылып, соның екеуі жеңімпаз болып танылды.

Жеңімпаз жобалар: Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының "Линия успеха" еріктілер тобының "Өмір ғажап!" және Арқалық политехникалық колледжінің бастамашыл жастары ұсынған "Жастар бастамаларын қолдау" жобалары.

– Аталған жобалардың мақсаты – студенттерге жастар арасындағы суицидке қарсы іс-шаралар ұйымдастыру, жастардың бойларына салауатты ой-сана қалыптастыру және мектеп оқушыларының кәсіптік бағдарының міндеттерін шешу. Елбасы айтқан "Барлығына арналған тегін кәсіптік-техникалық білім" міндеттерін назарға ала отырып, жастарды осы салаға тарту, – дейді қалалық жастар ресурстық орталығының директоры Аманкелді Ахметжанов.

Еске сала кетсек, байқауға облыс бойынша 107 жоба ұсынылып, соның 7-і жеңімпаз атанған болатын. Жеңімпаз жобаларға 200 мың теңге және дипломдар табысталды.

Арқалық қаласы.

# Табыс көзі түйеде

1-бет

Оның үстіне, бала күнімнен түйе көріп өскесін жай-күйін жақсы білемін. Содан, 2016 жылы Қостанайдағы "Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасында "Бизнес кеңесші" курсынан өтіп, 4 млн теңге көлемінде 3 жылға есептеп шағын несие алдым. Сол жылы берілген қаржыға Аманкелді ауданына қарасты Үрпек ауылынан бір аталық, төрт аналық түйе әкелдім. Қалған ақшаға қора-қопсы салдық. Несие алғасын алты ай сенен ақша сұрамайды. Яғни, бастаған кәсібіміз айналымға шыққасын ғана төлеуге рұқсат етеді. Мемлекеттік бағдарламының бір тиімді тұсы осы. Қазір ай сайын 120 мың теңгеден төлеп тұрамын, – дейді түйеші Алмат.

Жануарлар бұл жерге тез бой үйретіп, жерсінген. Биыл боталап, берекесін беріп отыр. Алматтың жары Роза түйелерді өзі сауып, сүтінен саумал, шұбат, құрт, жүнінен көрпе-жастық жасайды.

– Міне, екі жыл өтті, біраз төселіп қалдық. Қыр-сырын меңгердік. Өзім сауамын, өнімін де өзім әзірлеймін. Қазір үш сауын бар. Жаз уақытында далада жайылады. Бақташы үш мезгіл қайырып әкеледі. Таңертең, түсте, кешке сауамын. Әр түйе бір литрден ақ береді. Қыста кейде одан да аз. Шұбатты негізінен күбіде пісіруге болады, бірақ мен қолмен әзірлей беремін. Бүгіндері түйе сүтіне деген сұраныс көп. Литрі – 900 теңге. Әуелде ешкім біле бермейтін, қазір жан-жақтан келіп алады. Әсіресе, жаз кезінде той-томалаққа көптеп тапсырыс береді, – дейді Роза Ізбаева.

Иә, үш сауын түйенің сүті көпке жетпейді. Сондықтан, кәсіпкер тағы қаржы алып, төл басын көбейтуді көздейді.

– Бізде қазір алты түйе бар. Негізінен қос өркешті інген түйелер және бір мая түйе бар. Соның үшеуі ғана сауын. Інгеннің сүті қою, 7 пайызға дейін майлы болады. Мәселен, сиыр сүтінің майлылығы 2 жарым пайыз болса, бұнікі екі есеге артық. Басында ауылдастарымыз жатырқап, таңырқаушы еді, бүгін бәрі үйренген. Юбелейный ауылының жанжағынан Лисаков, Рудный, Жітіқара, Қостанай сияқты қалалар қоршаған. Оған ірілі-ұсақты аудан мен ауылдарды қосыңыз. Түгел бізден алады. Тіпті, Ресейден келетіндер бар. Сұраныс көп қазір. Сондықтан, алдағы уақытта тағы шағын несие алып, Атырау жақтың сүтті түйесін әкелсем бе деймін. Бір түйенің құны 1 млн-ға дейін жетеді. Өнімдерімізді Қостанайда өтетін көрмелерге апарып тұрамыз. "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төрағасы Тимур Құлыбаев пен облыс әкімі Архимед Мұхамбетов жоғары бағасын берген болатын. Мемлекеттен талай мақтаумадақ пен сыйақылар алдық. Әйтеуір, тынымсыз еңбегіміздің жемісі деп білемін. Бүгіндері Астанадан келген азаматтар "Бизнес бастау" тренингін өткізіп жатыр. 25 күн тәлім аламыз. Біткесін бизнес-жоспар құрып, оны қорғау керек. Сәтті өтіп жатсақ, мемлекеттен тағы қаржы береді. Менікі – ата кәсіпті қайта жандандырсам деген ой. Өйткені, оның күтімі де жеңіл. Қасиетті жануар. Құранда айтылған түліктің бірі. Сол себепті берекесі мол деп білемін. Түйенің сүті де, жүні де ем ғой. Алдағы уақытта жол бойына киіз үй тігіп, шұбат, қымыз сату да ойда бар, – дейді А.Нұрмаханов.

Кәсіпкердің айтуынша, түйенің тек сүті ғана емес, еті де өтімді. Былтыр олар оның етін 1400 теңгеден сатқан. Алам деушілердің саны артып тұр дейді.

– Былтыр бір тайлақ пен қысыр түйе сойып, етін саттық. Сөйтсек, оған да сұраныс бар екен. Кәсіп өрге домалап, мал басы арта түссе, әрине, бұны да қатар алып жүруге тырысамыз.

Алмат бұл кәсібіне көлкөсір пайда табу емес, әйтеуір соңынан ерген балашағаға қалар еңбек ретінде қарайды. Әрісі өзінің де аңсары – ауыл, мал-жанның қамымен жүруді жөн көреді. Қаладағы жайлы үйінен де көшіп кеткені сол. Үлкен қызы әке ізін жалғастырмақ. Болашақ агроном. Ортаншысы, ұлы әлі мектеп оқушысы. Кішісі ойын қуып жүр. Міне, солар жалғастырар оңды іс болса екен дейді.

ЖОЛДАУ

# Басты тақырып – білім

1-бет

Он екі мыңнан астам оқушы аталған үйірмеге баратын болады. Ақылды мехатрониктің қызметін балаларға үйрету үшін 215 педагог қосымша оқыпты.

Қазіргі күні облыстың білім беру жүйесінде 1285 ұйым бар. Соның 506-сы жалпы білім беретін мектеп. Биылғы жазда мемлекеттік нормативке сәйкес келмейтін 8 мектеп жабылды. Осы санатқа жататын 108 мектеп барын ескерген жөн. Мұндай білім ошақтары Жітіқара, Қамысты, Меңдіқара және Ұзынкөл аудандарында тіркелген. Білім беру жүйесіне үш тілділікті енгізу мақсатында былтыр 16 мектепте пилоттық режимде ағылшын тілінде оқытқан. Алдағы жаңа оқу жылында қосымша 65 мектепке үш тілділік енгізілмек.

2018 жылы ҰБТ-ға 2 858 түлек немесе жалпы түлектер санының 59%-ы қатысты. Облыс бойынша орташа көрсеткіш 86,7 балды құрады (2017 жылы – 81,94). Былтырғы межеден 4,8 балға жоғары. Биыл Аманкелді, Таран, Жанкелдин, Рудный, Алтынсарин, Арқалық түлектерінің көрсеткіштері жоғарылай түскен. Жылда бағындырған белесінен түспей, тұрақты түрде жақсы нәтижеге жетіп жүрген облыстың мектеп-интернаттары да бар. Олар: Алтынсарин мектеп-интернаты, "Озат" дарынды балалар мектебі, Білім-инновация лицейі. Керісінше, ең төменгі нәтиже көрсеткен 24 мектеп белгілі болды. Тестілеуге қатысу деңгейі бойынша оңтүстік аудандар көш бастап тұр. Ал ең аз көрсеткіш Қамысты, Таран аудандарында. Ольга Киселева соңғы екі жылда ҰБТ-ға қатысуға немқұрайлылық танытып жүрген сегіз ауданды атады. Олар: Қамысты, Таран, Қарабалық, Ұзынкөл, Меңдіқара, Қарасу, Сарыкөл және Рудный қаласы.

– Тестілеудің қорытындысын талдау арқылы әрбір екінші түлектің мемлекеттік грантқа ие болғанына куә болдық. ҰБТ-ға қатысқан 2858 түлектің 1291-і білім гранттарына ие болды. Биыл біздің орташа балдық көрсеткішіміз жақсарып отыр. Абитуриенттердің басым көпшілігі техникалық және педагогикалық мамандықтарды таңдаған, – деді Ольга Киселева.

Басқарма басшысы орынбасарының баяндамасынан соң облыс әкімі Архимед Мұхамбетов тиісті тапсырмаларды жүктеді. Аймақ басшысы шағын орталықтарды толық күнге ауыстыру жоспарын жедел аяқтауды тапсырды. ҰБТ-да төменгі нәтиже көрсеткен аудандардың әкімдеріне оқыту сапасын бақылауға алуға кеңес берді. Бұдан кейін Қостанай ауданының әкімі Қайрат Ахметовке сөз берілді. Қ.Жұмашұлы аудандағы ахуалды баяндаса, одан кейін мінберге шыққан ҚМУ ректоры Құсайын Уәлиев университеттегі цифрландыру туралы айтты.

Ағымдағы жылы облыстағы білім беру саласының бюджеті 68,7млрд теңгені құрады. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 7,7 млрд теңгеге артық. Осы жылы облыстық бюджеттің есебінен жалпы сомасы 769,8 млн теңгеге 7 объектіге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде, оның ішінде 4 объектіге жөндеу жұмыстары аяқталды.

Қостанай қаласының "Әуежай" шағын ауданында 900 орындық орта мектептің құрылысы жалғасуда, осы жұмыстар үшін облыстық бюджеттің есебінен 800 млн теңге бөлінді. Құрылыс жұмыстарын аяқтау үшін қосымша 769,4 млн теңге қажет көрінеді. Бұл қаржы республикалық бюджеттен бөлінбек.

Бүгінгі күні Аманкелді, Әулиекөл және Қарасу аудандарындағы мемлекеттік тілде оқытатын 3 апатты мектептің орнына, сондай-ақ Қарабалық ауданында мемлекеттік тілде оқытатын 1 мектептің қажет болуына байланысты әрқайсысы 320 орындық 4 мектептің құрылысына жобалық-сметалық құжаттамалар әзірленген. Осы мектептердің құрылыс жұмыстарын келесі жылы республикалық бюджеттің қаражаты есебінен бастау жоспарланып отыр.

– Менің тапсырмам бойынша облыс мектептерінің барлығын қазіргі заман талаптарына сәйкес келтіру мақсатында апатты және күрделі жөндеу жұмыстарын қажет ететін мектептерді анықтау жұмыстары жүргізілуде. Дегенмен, облыста 3 ауысыммен оқытылатын мектептер бар. Қостанай қаласында мектептерді мемлекеттік-жекешілік әріптестік шеңберінде салу мәселесін шешу қажет. Бұл орайда – балабақшаларды салу және қайта қалпына келтіру жұмыстары бәріміз үшін жақсы үлгі болып табылады. Бүгінгі күні 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды қамту 99,7% құрайды. Өткен жылы Лисаков қаласында МЖӘ аясында 210 орындық балабақша пайдалануға берілді. Осы жылы Арқалық қаласында 150 орындық балабақша ашылды, сондай-ақ ағымдағы жылдың қыркүйек айында Жітіқара қаласында 120 орындық балабақша ашылатын болады, – деді облыс әкімі Архимед Мұхамбетов.

"Президенттің бес әлеуметтік бастамасының" үшінші бағыты студент жастарды жатақханамен қамту екені белгілі. Осы бастаманы орындау үшін облыста Қостанай қаласында орналасқан колледждер үшін 3 жатақхана салу жоспарлануда. Нысандардың құрылысына облыстық бюджеттен жобалық-сметалық құжаттамаларды әзірлеу үшін 42,6 млн теңге бөлінген. Сонымен қатар, Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті (*500 орын*) мен Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті (*344 орын*) жатақханалар салу жоспарлауда. Бүгінгі күні ҚМУ-да жобалық-сметалық құжаттама әзірленген, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтында жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу аяқталуда.

Пленарлық отырыстың соңында облыс әкімі бірқатар тапсырмаларды жүктеді. Соның бірі аудандар мен қалалар әкімдеріне 22 IT-сыныптарды ашу жөніндегі тапсырманы үшкүндік мерзімде жабуды ескертті. Сондай-ақ "Цифрлық Қазақстан", "Рухани жаңғыру" мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру мәселесі бұрынғыдай күнделікті бақылауда тұруы тиіс деді. Тегін техникалық және кәсіптік білім беруді іске асыру аясында жұмысқа орналастыру және практикадан өтуге қатысты колледж бен әлеуметтік серіктестер арасындағы өзара әрекеттестік жұмыстарын күшейтуді де тапсырды.

Төрт жүзден астам адам қатысқан облыстық тамыз кеңесінің соңында өңірдегі білім саласының дамуына үлес қосып жүрген 77 адам салтанатты түрде марапатталды. Оларға "ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері" төсбелгісі, "Ы. Алтынсарин" төсбелгісі, ҚР БҒМ грамоталары мен алғыс хаттары, облыс әкімінің грамоталары табысталды. Сонымен қатар, "Үздік мұғалім" облыстық кезеңінің жеңімпаздары, "Орта білім беретін үздік ұйым" конкурсының жеңімпаздары, ТжКБ үздік ұйымдары, басқа да номинациялар бойынша жүлдегерлер облыс әкімінің қолынан арнайы сертификаттарға ие болды.

**Суреттерді түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.**

# Басқарма басшысы ауысты

**Осы уақытқа дейін облыстың білім басқармасын басқарып келген Бәтима Даумова қызметінен босады. Бұл туралы облыстық тамыз конференциясында белгілі болды.**

Тамыз кеңесінде облыс әкімі А.Мұхамбетов білім беру саласын дамытудағы ерекше жетістіктері үшін Бәтима Бексұлтанқызына алғыс айтып, "ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері" төсбелгісін табыстады. Жиынға қатысушылар басқарманың бұрынғы басшысына зор қошемет білдіріп, орындарынан тұрып құрмет көрсетті. Бүгінде Бәтима Даумова Қостанай индустриялды-педагогикалық колледжі директорының міндетін атқарушы. Ал оның орнына жаңа басшы міндетін Құсайын Каткенов атқармақ.

**Қ. МҰРАТБЕККЫЗЫ.**

ӘЛЕУМЕТТІК КЕПІЛДІК

# Адам құқығы аяққа тапталмауы тиіс

Қазақстанның демократиялық мемлекет ретінде қалыптасуы кезеңінде әйелдерге, ана мен балаға қатысты мәселелер бойынша алғашқы қоғамдық маңызды құрылымдар құрылды. Қазақстан БҰҰ-ның әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту және қорғау саласындағы негіз қалаушы құжаттарына қосылды. Әйелдерді кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияның ережелерін орындау барысы туралы үшінші және төртінші мерзімді баяндамалардың қорытындылары бойынша БҰҰ Комитеті әйелдер мен ерлер үшін құқықтар мен мүмкіндіктер теңдігі мәселелері бойынша заңнамалық базаның құрылуына оң баға берді. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, отбасының функционалдық беріктігі деңгейіне гендерлік қатынастар моделі елеулі әсер етеді. Гендерлік теңдік деңгейі жоғары болған сайын, отбасы мүшелерінің өздерінің тұрмыстық, экономикалық, адамгершілік-тәрбиелік, қорғаушылық және басқа да маңызды функцияларын орындауда жауапкершілігі, тепе-теңдігі мен нәтижелігі жоғары болады.

Мемлекеттік отбасылық саясат Қазақстанның әлеуметтік саясатының құрамдас бөлігі болып табылады және отбасының өмір сүру жағдайы мен сапасын жақсартуға бағытталған ұйымдастырушылық, экономикалық құқықтық, ғылыми, ақпараттық және кадрлық қамтамасыз ету қағидаттары, бағалаулары және шаралары жүйесін білдіреді. Гендерлік теңдік қоғамның әлеуметтік ілгерлетудің басымды бағыттарының бірі болып табылады, өйткені тең мүмкіндіктерді қалыптастыру еліміздің саяси, экономикалық және әлеуметтік өмірінде әйелдердің белсенді қатысуын қамтамасыз ететін маңызды құрамдасы болып табылады. Әйелдердің саяси жоғарлуына сонымен бірге уақытша арнайы уақытында қабылданған арнайы шаралар әсер етті.

Жыл сайынға Дүниежүзілік экономикалық форуммен (ДЭФ) әзірленетін жақындағы гендерлік теңдік туралы Жаһандық есепте аталып өткендей Қазақстан экономикада, саясатта және басқа да салада әйелдер мүмкіндігі жоғары бағаланатын елдер қатарына кіреді. Қазіргі күнге әйелдердің азаматтық белсенділігін арттыруда нәтижелі оң динамика және әйел үкіметтік емес ұйымдардың қызметінің белсенділігі байқалады. Бұның бәрі қоғамның санасын ерлер мен әйелдердің барлық салалар мен қызметтерде әлеуметтік теңділігін өзгертуге мүмкіндік береді.

**Ә.ҚАБДЕНОВ,**
**Қостанай қалалық Әділет басқармасының жетекші маманы.**

ҚОСТАНАЙ ЖӘНЕ ҚОСТАНАЙЛЫҚТАР

# Меншік иелері өзгерді

Қостанайда "1000 сауда орны" бағдарламасы бойынша алғашқы 15 жер учаскесі бөлінді. Ең қымбат жер Kostanay Plaza сауда орталығы айналасындағы жер телімі болды. Учаске аукционда бастапқы бағасынан үш есе қымбатқа – 1 миллион 170 мың теңгеге сатылды. Бағдарламаға "Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасы бастамашыл болды. Ондағы мақсат – тұрақты емес сауда үшін учаскені жалға алуды қалайтын кәсіпкерге жеңілдік беру. Бұрын бұл процесс бірнеше айға созылып, қыруар құжат жинауды талап ететін. "1000 сауда орны" жобасы басталғалы бәрі де оңай бола бастады. Схема өте қарапайым: "Тобыл" әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы учаскені жалға алады, оны ресімдеп, аукцион арқылы кәсіпкерлерге қосалқы жалға береді. Яғни, кәсіпкер аукционның ертеңіне-ақ шартқа қол қойып, жер телімін пайдалана алады.

– Аукцион ағылшын әдісімен өткізілді. 1 шаршы метрдің бастапқы бағасы 12 мың теңге болды. Аукцион барысында кәсіпкерлердің өздері жердің бағасын көтерді. Kostanay Plaza сауда орталығының маңындағы 30 шаршы метр 1 миллион 170 мың теңгеге сатылды, – дейді Қостанай облыстық кәсіпкерлер палатасының бөлім бастығы Геннадий Кукоба.

Қалған учаскелер, атап айтқанда, Орталық саябақтағы және Қостанайдағы жағалаулардағы жерлер 144 мыңнан 500-600 мың теңгеге дейінгі аралықта бағаланды.

Сондай-ақ, Қостанайдағы Тобыл өзені арқылы өтетін көпір коммуналдық меншікке өткізілуі мүмкін. Бұл жөнінде ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің сайтында жарияланған құжатта жазылған.

"ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Автокөлік жолдары комитетінің меншігінен Тобыл өзенінен М-36 "РФ шекарасы – Алматы" автомобиль жолы арқылы өтетін көпір Қостанай облысының жеке меншігіне өткізілсін", – делінген Үкіметтің "Республиканың меншігіндегі мемлекеттік мүлікті Қостанай облысының коммуналдық меншігіне аудару мәселесі жөніндегі" қаулысының жобасында.

Министрліктің түсіндірме жазбасында көрсетілгендей, автокөлік құралдарының Қостанай аумағындағы тоқтаусыз және қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету үшін мүлікті аудару қажет. Аталмыш фактіге қатысты газетімізге "ҚазАвтоЖол" АҚ-ның Қостанайдағы филиалы пікір білдірді.

Кәсіпорын директоры Андрей Горваттың мәліметінше, бұл мәселенің көтерілгеніне бірнеше жылдың жүзі болған. Көпір қаланың ішінде болғандықтан, оны Қостанай облысының коммуналдық меншігіне өткізген жөн. Бұл мәселе жақында шешімін табады.

# Үшінші Smart city

Қостанай – Smart city пилоттық жобасынқолға алған үшінші қала. Smart City тұжырымдамасы – халықтың барлық ресурстар мен қажеттіліктерінің жанжақты тепе-теңдігін қамтамасыз ететін қалалық инфрақұрылымның зияткерлік дамуы. Жоғары технологиялық шешімдер негізінде "ақылды қалалар" барлық ресурстарды ұтымды пайдалану мен басқаруға қол жеткізуді және тіршілік ету ортаны өзгерту мен басқаруға жергілікті қоғамдастықтың кең тартылуын қамтамасыз етуі керек. Демек, бұл тұжырымдама елдің барлық ірі қалаларын қамтуы тиіс.

Биыл аталған жоба аясында Қостанайдағы көпқабатты үйлер мен әлеуметтік нысандардың ғимараттарына QR-кодтар орнатылды. Тұрғындар аталған кодтар арқылы нысанның тарихын, пошталық индексін біле алады. Сондай-ақ, әр үйге бекітілген учаскелік полицей мен дәрігердің есімдері жазылды. Осы жылдың қыркүйек айына дейін қаладағы 1600 көпқабатты үй мен әлеуметтік нысандарға арнайы кодтар енгізіледі. Бұған қоса, қаланың "Ақылды картасы" әзірленеді. Бұнда көшелердің тізбегі, коммуналдық желілер мен ғимараттар көрсетілетін болады.

Сонымен қатар, алдағы уақытта "Ақылды бағдаршам" жобасы да енгізіледі. Аталған бағдаршам үш режімде болады. Олар: таңғы, кешкі және түнгі. Қала әкімі айтқандай, осы режімдер арқылы электр энергиясын пайдалану қазіргіден 30%-ға дейін үнемделмек.

Smart city жобасының тағы бір бағыты қоғамдық көліктерде пайдаланады. Енді автобустарда жүру үшін жол ақысы қолма-қол ақшамен емес, "Оңай" электронды картасы арқылы төленеді. Бұл ретте қостанайлықтар Алматы қаласының тәжірибесіне сүйенеді. Қазір мамандар жолаушылар көлігінің қызметі жөнінде мониторинг жасап жатыр. Бұл тұрғыда тұрғындардың пікірі маңызды. Барлығы жоспарлы түрде іске асса, "Оңай" картасы жақын арада-ақ жолаушылар игілігіне беріледі.

"Қостанай аулалары" бағдарламасын іске асыру үшін 2018 жылы 27 аула аумақтарын абаттандыру жоспарланды (оған МАФ, аула тренажерлерін орнату, жарық орнату, ағаштарды крондау және т.б. кіреді).

Қостанай қаласының 6 көшесін орташа жөндеу 612,6 млн теңге сомасында жұмсалады. Әл-Фараби, Мәуленов, Темірбаев, Бородин, Волынов, Хәкімжанова көшелерін жөндеу жоспарға қойылды. 2017 жылы Қостанай қаласында нөсер кәріз жүйелерін дамыту бойынша концепция әзірленді. Аталған концепцияға келесі іс-шаралар кіреді: ашық және жабық нөсер кәріз жүйелерінің, Тобыл өзені алқабында нөсер суларының 8 тазарту ғимараттарының құрылысы. Аталған концепцияға сәйкес, қазірдің өзінде 2 жоба әзірленеді.

2016-2017 жылдары жалпы сомасы 475,0 млн теңгеге 70 көпқабатты үйдің қасбеттерін сырлау бойынша жұмыстар орындалды, енді осы жылдың соңына дейін аталған жұмыстарды жалғастыру көзделді.

Ағымдағы жылы "Ақылды қала" жобасын іске асыру мақсатында бірыңғай диспетчерлік пунктімен дала жарықтарын автоматтық жүйесін енгізу бойынша концепцияны әзірлеу басталды. 2018 жылы көшелерді қайта жаңарту аясынды Гагарин, Тәуелсіздік, Лермонтов, Набережная, Алтынсарин, Карбышев, В.Интернационалистов, Энергетиков, Павлов көшелерін, Абай даңғылы бойынша аталған жүйені енгізу қолға алынды. Айта кетейік, ендігі жылы "Орталық" стадионды қайта жаңартудың үшінші кезеңін аяқтау жоспарланып отыр. Сонымен қатар, 2018 жылы Футбол академиясын қайта жаңарту да жоспарда бар.

## Қостанай қаласы күндерінің бағдарламасы, 24-25 тамыз 2018 жыл

| | | |
|---|---|---|
| | **24 тамыз Гашек көшесіндегі жағалау** | |
| 1. | "Бидің ғажайып әлемі" фестивалі *(қала мен облыстың хореографиялық коллективі)* | 20.00 |
| 2. | Қазақ эстрадасының жұлдызы Серік Ибрагимовтың концерттік бағдарламасы | 22.00 |
| 3. | Лазер шоуы | 11.00 |
| | **25 тамыз А.Байтұрсынов атындағы алаң** | |
| 4. | Көңілді картон лабиринті (Қостанай қ. мектептері) | 11.00 |
| 5. | Қостанай қ. үздік балалар ұжымдары мен солистерінің "Балалықтың ғажайып әлемі" концерттік бағдарламасы | 11.00 |
| 6. | Хейд-мейк үлгісіндегі сауда-көрме | 11.00 |
| | **Мәдениет пен демалыс паркі** | |
| 7. | "Қостанай оқиды" шығармашылық бағдарламасы | 11.00 |
| 8. | (Н.Островский атындағы қалалық кітапхана) | |
| | **ОӘД - Бизнес-орталық** | |
| 9. | Хот-дог жасаудан чемпионат | 11.00 |
| | **Сити - орталық(сахна)** | |
| 10. | "Алмалы тамыз" (ҚХА,орыс ұжымы)Қостанай қаласы көркемөнерпаздарының мерекелік концерттік бағдарламасы | 12.00 |
| | **Сити - орталық** | |
| 11. | Астана, Қостанай, Рудный қалаларының суретшілерінің қатысуымен "Қостанай – жастар қаласы"граффити фестивалі | 11.00 |
| 12. | Ретро-көліктер көрмесі | 11.00 |
| 13. | Спидкубингтен жарыс (жылдам кубик-рубик құрастыру, фото-зона) | 11.00 |
| | **Сити - орталық (сахна)** | |
| 14. | "Караван", "Формула" вокал-аспаптар ансамбльдерінің концерттік бағдарламасы | 19.00 |
| | **Кешкі бағдарлама** *(Шахмат клубының қасында)* | |
| 15. | "Туған күніңмен, Қостанай!" (сценарий жоспары бойынша) кешкі мерекелік бағдарламасы | 20.00 |
| 16. | Отшашулар | 23.00 |

**Мерекелік шаралар "Кабельные сети" ЖШС телеарнасы мен қаладағы LED-экрандарда көрсетіледі**

**Бетті дайындаған Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ.**
**koishymanovkt@gmail.com**
**Суреттер газет мұрағатынан және ғаламтордан алынды.**

АЙМАҚ

# ҚЫЗЫЛОРДАДАН – ҚАРАБАТЫРҒА

Қарлығаш
ОСПАНОВА

**Бүгінде мемлекет "Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту" бағдарламасы аясында оңтүстіктен солтүстік облыстарға барып, жұмыс істеймін дегендерге қолдау көрсетуді әлі де жалғастыруда. Бағдарлама арқылы қоныс аударушылардың барлық жол шығыны көтеріліп, баспананың жалақысы үшін бір жыл бойы субсидия беріліп, тиісті жұмыспен де қамтамасыз етіледі. Олар мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы бойынша үй алу кезегіне де тұра алады. Басқа да бірқатар жеңілдіктері тағы бар...**

Қамысты ауданына да бағдарламамен Қызылорда облысынан төрт отбасы көшіп келген көрінеді. Оның біреуі, Алтынсарин ауылына, ал үшеуі Қарабатыр ауылына қоныстанды. Аудандық жұмыспен қамту орталығының директоры Нұрлан Ысқақовтың айтуынша, бүгінде көшіп келген төрт отбасындағы жұмысқа қабілетті азаматтардың бәрі жұмыспен қамтылды.

– Бағдарлама бойынша оңтүстіктен солтүстікке көшіру мәселесі біздің өңірде де қолға алынған. Әрине, оның ішінде көшудің тағы бір түрі бар, ол – облыс ішіндегі көшіру үрдісі. Яғни, әлеуеті төмен елді мекендерден қала және аудан орталықтарындағы әлеуеті жоғары елді мекендерге көшіру. Бірақ, қазір басты басымдылық оңтүстіктен солтүстікке көшіру мәселесіне беріліп отыр. Біз осы көші-қон мәселесі бойынша Қызылорда қаласында, Шиелі, Жаңақорған аудандары мен Байқоңыр қаласында өткен бос жұмыс орындары жәрмеңкелеріне қатысып қайттық. Нәтижесінде, төрт отбасы көшіп келді. Жуық арада Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан өңірінен тағы да екі отбасы қоныс аудармақшы, – дейді аудандық Жұмыспен қамту орталығының директоры Н.Ысқақов.

Нұрлан Орманбекұлының сөзінше, жалпы бағдарламаға қатысқан отбасылар жаңа қонысқа көшіп, тұрғылықты мекенжайы бойынша тіркелген соң, жол шығынын жергілікті атқару органдары, яғни жұмыспен қамту орталығы қайтарады. Сондай-ақ, солтүстікке қоныс аударған оңтүстік азаматтарына жеңілдіктер мен қаржылай көмек те ұсынылады. Нақтырақ айтсақ, республикалық бюджеттен бағдарламаға қатысушыларға және оның әрбір отбасы мүшесіне бір реттік жәрдемақы төленеді. Оның мөлшері – 35 АЕК, бұл 84 175 теңгеге тең. Сонымен қатар, коммуналдық төлемдерді және жалға алынған баспананың ақысын төлеу үшін 12 ай бойы ақшалай көмек көрсетіледі. Қалалық жерге қоныс аударғандарға 48 100 теңге төленсе, отбасы мүшелерінің саны екеуден төртеуге дейін болса – 60125 теңге, ал 5 немесе одан да көп болса 72 150 теңге төлеу қарастырылған. Ауылдық жерге қоныс аударғандарға бір жыл бойына ай сайын 36 075 теңге беріліп отырады. Отбасы мүшелерінің саны екеуден төртеуге дейін болса 43 290 теңге, 5 не одан да көп болса – 50 505 теңге материалдық көмек көрсетіледі екен. Ал баспана сатып алғысы келетіндер осы қаражаттың бір жылдық ақысын бірден алып, үй сатып ала алады. Тағы бір тиімділік, жұмысы не дипломы жоқ жандарға да көмек қарастырылған. Олар еңбекпен қамтудың белсенді шараларына қатыстырылады, яғни мамандығы жоқ болса сол өңірге қажетті мамандыққа оқытылады, жұмысқа орналастырылады.

*Осы орайда, біз де қара қазан, сары баланың қамы үшін сонау Қызылордадан Қарабатыр ауылына қоныс аударған ағайындармен кездесіп, олардың жаңа ортаға қалай бейімделіп, нендей тірлік кешіп жатқанын өз көзімізбен көріп қайтқан едік.*

## "Ауылдың табиғаты керемет"

Қызылорда облысының Шиелі ауданына қарасты Алғабас ауылының тұрғыны Ақберген Әбілдаев отбасымен солтүстікке көшуді ұйғарып, мемлекеттік бағдарлама бойынша осы жақтан баспаналы болып, түбі жеке кәсіппен айналасуды жөн көріпті. Өзі Арғын руынан екен, айтуынша түпкі аталары Оңтүстікке осы Қостанайдан қоныс аударған көрінеді. "Енді Алла мені аталарым өмір сүрген өңірге өзі әкеліп жатқан шығар", – деп әзілдеп те қояды. Қызылордалық ағайын Қарабатыр ауылының жергілікті халқының тамаша қарсы алып, ілтипат білдіріп жатқанына дән риза. Әрі отағасының осы маңызды іске атсалысып, олардың жол шығынын өз қалтасынан төлеп қана қоймай, жұмыс тауып беріп жатқан шаруашылық басшысы Марат Жазитұлына да айтар алғысы шексіз.

– Қарабатыр ауылына мамыр айында көшіп келдік. Ауылдағы шаруашылықтың директоры бізге көлік жіберіп, көшіріп алды. Қазір шаруашылықтың балансындағы үйде тегін тұрып жатырмыз, Марат Жәзитұлы осы үйде қалағандарыңша тұра беріңдер деп отыр. Ал, біз осы ауылда тұрақтап қалуды ойлағандықтан өзіміздің басымызда жеке баспанамыздың болғанын қалаймыз. Әзірге, 1 млн-ға баспана тауып тұрмыз. Енді үкіметтен ақша түссе, сол үйді саудаласып, қолжетімді бағамен сатып алсақ дейміз. Өзім шаруашылыққа мал бағушы болып орналастым. Айлығы да жаман емес, ауылда өмір сүруге жетеді. Әйелім екінші топтағы мүгедек болғандықтан, жұмыс істеуге қабілетсіз. Алла берген бір ұл, бір қызымыз бар. Алғабаста да жаман өмір сүрген жоқпыз, мына жақта да ешкімге алақан жаймай, өз күнімізді өзіміз көрсек, соған тәубе. Тек, айлығымызды уақытылы төлеп, бір баспанаға қол жеткізсек, бізге одан артық ештеңе керек емес. Ең бастысы, балаларым ауырмаса екен, солардың болашағын ойлағандықтан келіп жатырмыз. Ауыл бізге ұнады, таза, тыныш, ауасы да, табиғаты да тамаша. Тұрғындары да сондай ұйымшыл, аққөңіл екен. Ауасының жаққандығы болар, қызымыздың аяғының сырқырап ауыратыны да сап тыйылды, бетіндегі ақтаңдақтар да кетіп жатыр. Соған өзіміз де қуанып жатырмыз. Енді басты мақсат – балаларымыздың қамы үшін, солардың болашағы үшін әріқарай тірлігімізді жалғастырсақ, – дейді Ақберген Әбілдаев.



## "Балалардың болашағы үшін"

Қызылорда облысының Жалағаш ауданынан Қарабатыр ауылына көшіп келген жас отбасы Арман мен Мәдина Атуарбековтер де бұл қадамға балаларының болашағы үшін барған көрінеді. 2012 жылы медициналық колледжді фельдшер мамандығы бойынша бітіріп, алғаш еңбек жолын аудандық ауруханадан бастаған Арман ендігі қызметін Қарабатырда жалғастыруда.

– Ұлы жүздің ішінде Сіргелі боламын, жұбайым орта жүздің ішінде Қоңырат. Отбасында үш ағайындымыз, мен үйдің үлкенімін. Менен кейінгі інім осы Қарабатыр ауылына келіп, фельдшер болып жұмыс істеген еді. Қазір Отан алдындағы борышын өтеуде. Әскерден аман сау келген соң, ол да осы жердегі қызметін жалғастырмақ ойда. Мен де осы ауылда қаламын деп шешіп отырмын. Бағдарлама бойынша ауылдан төрт бөлмелі үй сатып алдық, жөндеу жұмыстарынан кейін біржола көшпек ойымыз бар. Ал әзірге шаруашылық берген үйде тұрып жатырмыз. Ауыл керемет екен, бізге қатты ұнады. Шаруашылық басшысына да рахмет, қолынан келген көмегін аяп жатқан жоқ, – дейді жас маман Арман Атуарбеков.

Арманның жұбайы Мәдинаның мамандығы инженер-технолог екен, әрі қосымша бастауыш сыныптарға арналған педагогикалық білімі де бар. Әзірге мамандығы бойынша жұмыс тапқан жоқ, уақытша ауылдағы асхананың меңгерушісі болып қызмет атқаруда. Жас маман әйтеуір жұмыссыз құр қол қусырып отырмай, еңбек етіп, аз да болса табыс тауып жатқанына қуанады.

– Қостанайдың ауасы жақсы деп еститінбіз, сондықтан да осы жақты таңдадық. Облыстың басқа да өңірлерін ұсынғанда, біздің таңдауымыз Қарабатыр ауылына түсті. Әрі осы ауылда жерлестеріміз де тұрып жатыр екен. Ауылда мектеп, балабақша, ФАП, мәдениет үйі бар. Жастардың демалуына да барлық жағдай жасалған. Қаладағыдан еш кем өмір сүріп жатқан жоқ, бұдан артық не керек?! – дейді Мәдина Абаева.

## "Экологиялық жағдайға байланысты көштік"

Бағдарламамен Қарабатыр ауылына бірінші болып қоныс аударғандардың бірі Пысанбаевтар отбасы. Олар Шиелі ауданына қарасты Бидайкөл ауылынан көшіп келген екен. Отағасы Мұрат шаруашылыққа малшы, ал жұбайы Раушан балабақшаға тәрбиешінің көмекшісі болып жұмысқа орналасыпты. Қанша жерден туған жерді қимаса да, балаларының болашағына алаңдаған отағасы бағдарламаның тиімділігін пайдаланып қалуды жөн көріпті.

– Бізде көбіне тұрақты жұмыс табу қиын, себебі халық көп, тығыз. Сондықтан, екі қолға бір күрек табу қиын болып тұрғанда солтүстікте жасалып жатқан жеңілдіктерді неге пайдаланбасқа? Көшуіңе жағдай жасалып, жекешелендіруге бермесе де, уақытша тегін тұруға баспана беріледі. Жұмысқа орналастырылады. Жасыратыны жоқ, бар қиындық енді ауа райында болуы тиіс, біз әбден үйренісіп кеткенше. Өйткені, солтүстікте қыс – ұзақ, жаз – қысқа. Дегенмен, шыдаймыз. Осы балаларымыздың қамы үшін, солардың денсаулығын, болашағын ойлағандықтан көшіп келдік қой. Біз де осы тұрып жатқан үйімізді сатып алуды жоспарлап отырмыз. Бүгінде барлық құжаттарды дайындадық, енді ақшаны күтіп отырмыз. Шаруашылық басшысына мың алғыс, бізге көлік беріп, сонау Қызылордадан көшіп келуімізге жәрдемін тигізді. Сол кісі басқарып отырған шаруашылыққа мал бағушы болып жұмысқа тұрдым, айлығымызды уақытылы алып жатырмыз. Әйелімді де балабақшаға орналастырды. Ауылда барлық жағдай жасалған екен, қаладағыдан еш кем емес, – дейді Мұрат Ерғалиұлы.

"Қарабатыр" ЖШС-нің директоры Марат Құдайқұловтың айтуынша, қазіргі таңда шаруашылыққа агроном, механизатор, малшы сияқты мамандар ауадай қажет. Сондықтан, шаруашылық басшысы Қарабатыр ауылына көшіп келіп, еңбек етемін деген жандар болса, қарсы алуға дайын екендігін айтады.

– Соңғы екі-үш жылдың ішінде біздің ауылға сырттан он шақты отбасы көшіп келді. Еліміздің оңтүстік өңірлерінен ғана емес, облыстың Жітіқара, Әулиекөл секілді өңірлерінен де көшіп келген отбасылар бар. Бірақ, былтыр Шымкенттен келгендердің дені кетіп қалды. Үкіметтің көмегін алғандары өз алдына, шаруашылық тарапынан да қаншама қолдау-көмек көрсетілді. Екі жылдай тұрды да, "ауа-райы жақпады" деген сылтаумен өз елдеріне тайып тұрды. Жақында ауылымызға Қызылордадан үш отбасы көшіп келді, екеуі шаруашылыққа малшы болып, біреуі ауылдағы ФАП-қа фельдшер болып орналасты. Ол кісілердің жұбайларына да жұмыс тауып бердік. Тегін тұрғын үймен де қамтамасыз еттік. Алдағы уақытта да көмегімізді аямаймыз. Сондықтан, әлі де сырттан көшіп келіп, біздің шаруашылықта жұмыс істеймін деген жандар болса, біз қарсы алуға дайынбыз, – дейді Марат Жәзитұлы.

Қарабатыр ауылы,
Қамысты ауданы.

**Суреттерді түсірген автор.**

## Сол бір күндер...

*Қаншама жылдар қалды гой артта, қаншама көктем,*
*Қаншама күндер түн болып батты шуағын төккен.*
*Өткен күн елес, тәтті бір түстей тұрады ойда,*
*Қайдасың, сол бір күндерім мені бақытты еткен?*

*Сол бір күндердің аспаны ашық жылуын сепкен,*
*Самалы саумал, айналып келіп бетімнен өпкен.*
*Сағымдай сырғып, ұстатпай жылжып түспейді қолға,*
*Қайдасың, сол бір күндерім менің алыстап кеткен?*

*Балалық балғын күндер де қалды-ау арман боп көптен,*
*Жалынды жастық жігерің таныс алаулап өткен.*
*Сағынып бүгін еске алам тағы өткен күндерді,*
*Күндерді сол бір, жол бастап маған қасына еріткен.*

## Алматы

*Алатаудың бөктерінде әсем қала Алматы,*
*Өзіңе деп, ару қала, ақындар жыр арнады.*
*Қуантады көңілімді сенің әрбір көшеңде,*
*Жастығымның бір ұшқыны естелік боп қалғаны.*

*Сол бір күндер, айлы түндер, жымыңдасқан жұлдыздар,*
*Таудан аққан, сылдыр қаққан, сұлу өзен қайда бар.*
*Сағындырған, бағындырған жүректерді өзіне,*
*Сайрандатқан, думандатқан, қайдасыңдар ұл–қыздар?!*

*Алатаудың аясында әсем қала, ән қала,*
*Көрген сайын көз тартады, қарай берем тамсана.*
*Жастығымның жалын атқан белгісі боп, қала бер,*
*Сұлулықтың саясында орын тепкен сән қала.*

**Дәулет Қалмағанбетов**

## Қош, Алаш!

Білетінімнен білмейтінім көп,
Өмірден алдым білімді.
Досымнан гөрі, күндейтінім көп,
Бермесің саған күнімді.

Бағзы заманнан дарынды жанның
Бақталастары бар еді.
Ақындық жолға арымды салдым,
Куә бол, Аспан әлемі!

Ақындар жайлы аңыздар тарар,
Шараптан шара босамас.
Жайым жоқ жайлы Жұмаққа барар,
Ғарышқа кетем...
Қош, Алаш!

## Қызыма кеңес

Ана деген, біле білсең, арың бұл,
Жабығыңқы жанарында жаның тұр.
О дүниеге кеткендерін сағындыр,
Бұл дүниеде жүргеніне табындыр.
Алақанынан аналардың аялы,
Көкірегіне құйылады лағыл нұр.
Құдіретіне әрқашанда бас иіп,
Махаббатпен аялайтын шағың бұл,
Еске сақта,
Ана деген — бағың бұл!

**Абай Қажи**

## Артымда өлеңдерім қалса деп ем...

Атақты алмайды ғой ешкім сұрап,
Күншілдер ел болар ма басын құрап?
Байқасам, мен де кейде қалғандаймын,
Мұқағали сияқты жалғызсырап.

Бәлкім ондай ұлыға жете алмаспын,
Шындық айтпай бәрібір кете алмаспын.
Көре алмаған күншілдер құрсауынан,
Қиын екен, жол тауып өте алмаспын.

Артымда өлеңдерім қалса деп ем,
Ішінен керектерін алса деп ем.
Егер де бір жаратқан болса анық,
Көз қырын ақиқатқа салса деп ем.

Байлық та, қызмет те бәрі қалар,
Өткенге келер ұрпақ көзін салар.
Мұра боп сонда оларға ескерткішке,
Айтылған бір-екі ауыз сөзің қалар.

Біреулер жан сөзімді білер ме екен?
Топасы түсінбеген күлер ме екен?
Өмірден өтіп кетсем мен де бір күн,
«Тарғын айтқан сөз ет», - деп жүрер ме екен?!

## Екі ұлыма

*(Қос тірегім)*

Бар байлығым, бақытым — екі ұлым,
Толтыра алмас ештеңе оның құнын.
Ғұмыр жасын ұзақ қыл, уа, Жасаған!
Жалбарына тілеуші мен бір құлың.

Екеуін де жанымнан артық көрем,
Бірі — ақылшым болғанда, бірі — төрем!
Қажет десең, Жаратқан, ойланбастан,
Олар үшін кеудемнен жаным берем!

Екеуі де ақкөңіл аңқылдаған,
«Біраз жері тартыпты», - дейді саған.
Мерейімді өсірсе екі құлыным,
Одан артық не керек айтшы маған?

Тәуба деймін, Алланың бергеніне,
Екеуінің соңымнан ергеніне.
Қуансаңдар болғаны әкелерің,
Аман-есен 70-ке келгеніне!

Қос құлыным, қос ботам, қос тірегім,
Әкең дайын, беруге өз жүрегін.
Сендер аман болсаңдар бұл өмірде,
Алшаң басып, алаңсыз мен жүремін!

## Бақай есеп

Көбісі жігіттердің бақай есеп,
Қыстырып арасында айтады өсек.
Жазады арызды да ара-тұра,
Жата қап етпетінен бауырын төсеп.

Көрдік қой мұндайлардың біз талайын,
Демеймін олардан бір өш алайын.
Пайдасын шығарарда ұялмай-ақ,
Дейді олар: «Табаныңды бер, жалайын».

Мұндайлар өсек айтып арандатар,
Әркімнің үрейін ап алаңдатар.
Жазасын жауыздардың құдай беріп,
Түбінде ондай иттер арам қатар.

Мақтайды «Салқын қанды азамат», - деп,
«Жүйкесін жұқартпаңдар, мазалап», - деп.
Жұрт оның қайдан білсін біреулерді,
Жазықсыздан жүргенін жазалап тек.

Сталин болған ол да салқын қанды,
Көсемге «салқын қанды» халқы нанды.
Салқын қандық — нышаны залымдықтың,
Жазықсыз аттандырған талай жанды.

Кейбіреу артын ойлап, бақпа болар,
Аққөңіл, аңқау байғұс ақпа болар.
Құйтырқы кейбір қулар кесір сөйлеп,
Тілдері удай олардың шақпа болар.

**Тарғын Әбенов**

# ЕТІК

А. ЧЕХОВ

Фортепиано шебері Муркин құлағына мақта тыққан, көктұқыл етіп қырынған сары жүзді адам. Өз бөлмесінен дәлізге шықты да қарлығыңқы дауыспен айқай салды:

– Семен! Қызметші!

Оның үрейлі жүзіне қарап үстіне сылақ құлап кетті немесе жаңа ғана өз бөлмесінен аруақ көрді деп ойлауға болар еді.

– Бұның не сенің, Семен? — деген ол жүгіріп келе жатқан қызметшіге айқайлап. — Мені неге аямайсың? Менің буын-буыным ауырады, дімкәс аурушаң адаммын, ал сен мені жалаңаяқ дәлізге шығардың! Осы уақытқа дейін етігімді неге әкеп бермейсің? Қайда етігім?

Муркиннің бөлмесіне кірген Семен етікті тазалап қойып қоятын күндегі орнына қарады да желкесін қасыды: етік жоқ еді.

– Сайтан алғыр, қайда кетті екен? — деді Семен. — Кеше кешке тазалап осы жерге қойған сияқты едім... Хм!.. Шынымды айтсам, кеше мас болғам... Шамасы, басқа бөлмеге қойған болуым керек. Солай болды Афанасий Егорыч, басқа бөлмеге! Етік көп, мас кезде, оның үстіне есінді білмей мас болсаң, оның барлығын ажыратып жату қайда... Көрші тұратын ханым... актрисаның бөлмесіне қойған болуым керек...

– Әне! Енді сенің кесіріңнен біреуді барып мазалауым керек! Болмашы нәрсеге, тып-тыныш ұйықтап жатқан әйелді оятуым керек!

Муркин жөтеліп, ахылап-ухілеп жүріп көрші бөлменің есігіне барды да ақырын тықылдатық. Шамалы уақыттан соң: – Бұл кім? – деген әйел дауысы естілді.

– Бұл мен! – деді Муркин жалынышты үнмен, зиялы әйелмен сейлескен сері құсап нәштене тұрып.

– Мазалағаным үшін ғафу өтінем, ханым... Мен өзі ревматизммен ауырамын, дімкәс адаммын... Ханым, докторлар маған, аяғынды жылы ұста деген. Оның үстіне мен бүгін генерал Шевелицынның үйіне барып, роялін күйге келтіруім керек. Ол үйге мен жалаңаяқ бара алмаймын ғой!..

– Сізге не керек өзі? Роялініз не?

– Рояль емес, ханым, айтып тұрғаным етіктің жайы! Анау құрып кеткір Семен менің етігімді тазалапты да, жаңылысып сіздің бөлмеңізге апарып қойыпты. Ханым, өтінемін, қиын болмаса етігімді қайтарыңызшы!

Жамылғының сусылы, біреудің кереуеттен секіріп түскені, кебістің тырпылдағаны естілді, артынша есік сәл ғана ашылды да быртиған әйелдің қолы Муркиннің аяғның астына етікті тастай салды. Муркин рахметін айтып бөлмесіне қайтып келді.

– Қызық екен... – деді ол етікті киіп жатып. – Оң аяққа келмейтін сияқты. Мынау екеуі де сол етік қой? Екеуі де сол аяқ Семен, мынау менің етігім емес қой! Менің етігім қызыл құлақшалары бар және жамалмаған болатын, ал мынау жыртық-жыртық, өзінің құлақшалары да жоқ!

Семен етікті қолына алып, айналдыра қарады да тұнжырап кетті.

–Бұл Павел Александровичтің етігі... – деді ол қырындай қарап.

Оның сол көзі қитар болатын.

–Қайдағы Павел Александрович?

–Актер... сейсенбі сайын осында келеді... Яғни, сол сіздің етігіңізді киіп кеткен... Мен сіздікін және оныкін – екі етікті де анау бөлмеге қойғанмын ғой. Безгелдек!

– Бар да ауыстырып алып кел, олай болса!

– Сәлем айтыңыз! – деді Семен мырс етіп. – "Бар да ауыстыр"... Оны қайдан табады екенмін?.. Кеткеніне бір сағат болды... Орнында жел есіп тұр!

– Қайда тұрады өзі?

– Кім біліпті! Әрбір сейсенбі сайын осында келеді, ал қайда тұратынын білмейміз. Келеді, түнейді... Содан соң келесі сейсенбіге дейін жоғалады.

– Не істеп қойғаныңды білесің бе, доңыз? Енді қайттым! Генерал Шевелицынның үйіне баратын уақыт болды, сатқақ! Менің аяғым тонды!

– Етікті қайырып алу қиын емес. Мына етікті киіңіз де кешке дейін жүре тұрыңыз, ал кешке театрға барасыз... Актер Блистановты тауып аласыз... Ал театрға баруға арлансаңыз онда келесі сейсенбіге дейін күтуге тура келеді. Ол осында сейсенбі күндері ғана келеді...

– Екеуінің де сол аяқтың етігі болғаны несі? – деді Муркин етікті жиіркене түртіп.

– Бұйырғанын киеді де... Жоқшылықтан ғой бәрі де... Актерға қайдан табыла берсін? "Осындай да етік болады екенау, Павел Александрович" деймін оған. Ал ол "Басыңды и! Бұл етікті киіп, мен графтар мен князьдарды ойнағанмын!" дейді. Қызық халық! Қысқасы, бір сөзбен айтқанда – артист. Мен губернатор, я басқа бір бастық болсам, бұл актер дегендердің барлығын жиып алып абақтыға айдар едім.

Муркин ыңқылдап, тыжырынып отырып етікті киді де ақсаңдай басып, генерал Шевелицынның үйіне аттанды. Ол күні бойы қала кезіп қаншама фортепианоны күйге келтірді, сол күні бойы бүкіл әлем оның аяғына, аяғындағы жамау-жамау, өкшесі қисайып кеткен етігіне қарап тұрғандай көрінді. Жаны ғана емес, тәні де қорланды: етік қажап аяғы жара болды.

Кешкісін ол театрға келді. Сахнада "Көк Сақал" қойылып жатқан еді. Соңғы перденің алдында ғана оның өзінде бір таныс артисттің көмегімен сахнаның сыртына өткен. Еркектер киінетін бөлмеге кірген ол қаптаған артистерді көрді. Біреулері киім ауыстырып, біреулері грим жағып, енді біреулері шылым шегіп жатыр – театрдың әдепкі қарбаласы. Көк Сақалдың киімін киген актер король Бобешке қолындағы револьверді саудалап тұр екен.

– Сатып ал! Курскіден өзіме деп алып едім. Сегіз теңгеге алғанмын, саған алты теңгеге берейін... Алысқа атады!

– Байқасайшы... Оқталған ғой!

– Блистанов мырзаны көруге бола ма екен?– деді кіріп келген Муркин.

–Мен! – деді Көк Сақал бұрылып.

– Қайтейін деп едіңіз?

–Мазалағаным үшін кешіріңіз, мырза, – деп бастады Муркин жалынышпгы дауыспен.

– Мен... аурушаң адаммын, ревматизммен ауырамын. Дәрігерлер маған аяғынды жылы ұста деген...

– Сізге не керек өзі?

– Түсінесіз бе? – деді Муркин Көк Сақалға. – Сіз... өткен түні Бухтеев көпестің мейманханасында түнедіңіз ғой... 64 бөлмеде...

– Өтірік айтып не керек? – деді король Бобеш мырс етіп. – 64 бөлмеде менің әйелім тұрады!

– Әйелім дейсіз бе? Өте жақсы. Қуаныштымын. – Муркин жымиды. – Маған мына кісінің етігін берген де сіздің әйеліңіз ғой... Мына кісі. – Муркин Блистановты саусағымен көрсетті. – сіздің әйеліңізден кеткенде, мен етігімді іздей қалдым... дәлізшіге айқайладым, ал ол "Мырзам, мен сіздің етігіңізді көрші бөлмеге апарып қойыппын!" – дейді. Ол қатты мас болып менің және сіздің етігіңізді 64 бөлмеге қойыпты, – деді Муркин Блистановқа бұрылып, – Ал сіз мына кісінің әйелінен кетіп бара жатып менің етігімді киіп кетіпсіз...

– Бұныңыз қалай? – деді Блистанов қабағын түйіп.

– Бұл жерге өсек айтуға келдіңіз бе?

– Ешқандай да өсек емес! Құдай сақтасын! Сіз мені түсінбедіңіз... Менің айтайын дегенім не? Етік қой! Сіз 64 бөлмеге түнеп шықтыңыз емес пе?

– Қашан?

– Өткен түні.

– Ал сіз мені көрдіңіз бе?

– Жоқ, көрген жоқпын, – деді қатты алабұртқан Муркин отырып етікті шешіп жатып. – Көрген жоқпын, бірақ сіздің етігіңізді маған мына кісінің әйелі берген... Менің етігімнің орнына.

– Мырза! Көрмеген болсаңыз бұндай нәрселерді қалай айтасыз? Өзіңізді былай қойғанда, сіз әйелдің атын қорлап тұрсыз, ол аз болса күйеуінің көзінше қорлап тұрсыз!

Сахнаның сыртында жанжал басталды. Король Бобеш, қорланған күйеу, кенет қызарып кетіп жұдырықпен үстелді аямай бір салғанда көрші бөлмеде опаланып жатқан екі актриса талып қалған. – Сен осыған сенесің бе? – деп айқайлады Көк Сақал. – Сен мына сілімтікке сенесің бе? О-о! Айтшы! Мылжа-мылжасын шығарайын! Езіп тастайын!

Сол күні қалалық бақта серуендеген адамдар, төртінші акттың алдында жалаңаяқ, үрейден көзі шекесіне шыққан сары өңді бір адамның театрдан жүгіріп шығып үлкен аллеямен жоғары қашқанын, оның артынан Көк Сақалдың киімін киген, қолында револьвері бар бір адамның қуғанын әңгіме етеді. Ары қарай не болғанын ешкім көрмеген. Бар білетініміз, Муркин Блистановпен танысқаннан кейін екі апта ауырып жатыпты және бұрынғы "аурушаңмын, ревматизммен ауырамын" деген сөздерге енді "мен жаралы адаммын" дегенді қосатын болыпты.

**Аударған Т. ӘСЕМҚҰЛОВ**

ҚАЙНЕКЕЙ ЖАРМАҒАНБЕТОВТІҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ ТОЛУЫ ҚАРСАҢЫНДА

# "Кекті бала" – кесек туынды

*Академик, жазушы Зейнолла Қабдолов кезінде: «Қазіргі қазақ ақындарының ішінде оқиғалы өлеңдердің кейбір нұсқаларын Қайнекей Жармағанбетов жасаған еді. Оның «Бидай туралы балладасы», сондай–ақ «Мұғалима», «Күзетші» деген балладаларын кезінде өлең сүйгіш қауым жылы қабылдаған»,–деп жазды. Зерттеушілердің ішіндегі шоқтығы биік, пайымдауы парасатты, тұжырымы терең Зекең бұдан әрі жалпы оқиғалы өлеңнің әлемдік деңгейде пайда болып, жанр ретінде қалыптасуына байланысты пікірін де байсалды түрде білдіреді. Көрнекті ғалымның айтуынша: «Баллада өзінің ұзақ даму тарихында талай өзгерістерге ұшырады. Әуелде бір топ адам қол ұстасып, билеп жүріп айтатын ән түрінде көрінсе, кейін сыршыл толғау түріне ауысты. Соңғы түрдің үлгісі ретінде белгілі француз ақыны Франсуа Вийонның «Бұрынғы өткен арулар» деген балладасын атауға болады. Мұның әсіресе ел намысын қорғаған ержүрек батыр апаларын аңсап, армандайтын жерлері айрықша жылы, сырлы».*

Қайнекей Жармағанбетов шығармаларының негізгі бөлігін балладалар құрайды. Қайнекей ақынның 1962 жылы Алматы қаласындағы қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан жарық көрген қатырмалы, көлемі де қомсынбайтындай кітабы "Балладалар" деп аталады. Жинақтың бірінші бөліміне балладалар, ал екінші бөліміне өлеңдер топтастырылған. Әсіресе "Бидай туралы баллада", "Мұғалима", "Кекті бала", "Жидебайдың түндері мен күндері", "Галилей туралы баллада" шығармалары оқырман назарын бірден аударады. Естеріңізде болар, кезінде "Мұғалима" балладасы мектеп оқулықтарына да енгізіліп, біраз жылдар бойы орта мектептерде оқытылды. Ғажабы сол, осы оқиғалы өлеңді ересектердің дені әлі күнге жатқа біледі. Неге екені беймәлім, Қайнекей Жармағанбетовтің, басқа да қазақ ақын-жазушыларының бұрын оқулықтардың құнды дүниесіне айналған прозалық және поэзиялық туындылары соңғы жылдары мүлде алынып тасталған. Есесіне айтары аз, идеясы әлсіз, мазмұны күдіктілеу бірдеңелер оқулықтарға тура жол тартыпты. Әдеби туындыларды саралап, салмақтау, таразылау жағы жетімсіз екендігі осы бір әрекеттен ап-айқын көрініп тұрған жоқ па.

Қайнекей жауапты қызметте жүріп, ірі лауазымдарды иеленгендіктен әрі кәсіби мамандардың жетіспеушілігінен арнайы броньмен әскерге алынбаған. Былайша айтқанда, от жалынды соғыс даласында болмаған. Солай десек те отанды сүю, патриоттық сезімді сарықпау, азаматтық борышты адал өтеу, ерлік, қаһарманды, батылдықты байрақтай жоғары көтеруге арналған шығармалары жеткілікті. Әлгінде ғана әңгіме өзегіне айналдырған "Балладалар" кітабына шамамен отызға жуық оқиғалы өлеңдер енгізілгеніне көзіміз жетті. Соның ішінде "Кекті бала" зорайып көрініп тұр. Ақын аталған балладасына оқырманды риза ететіндей оқиғаны арқау еткен. Шығарма әп дегеннен оқырманды сұрапыл соғыс аймағына қарай жетелейді.

Толқынды Днепрдің жағасында,
Туған жер Украина даласында,
Жорықта жүрді біздің партизандар
Түн қатып,қалың орман арасында,

– деп басталатын баллада оқиғасы барынша нанымды. Автор әрі қарай түк ұйқы көрмей, бір сәт көз шырымын алмай, жадап-жүдеп, ну орманды кезіп жүрген бала бейнесін көз алдымызға қаз қалпында әкеледі. Қаршадай болса да бойында қайсарлығы, батылдығы, өзіндік шешімі бар жасөспірім ретін тауып қалың ағаш ішіне орналасқан партизандар тобына тап болады. Жауынгерлермен жүздескен сәтте қатты толқып, көзге ерік беріп, біраз жылап, еңірейді. Фашистердің селоға тұтқиылдан тап беріп, жазықсыз жандарды қинағанын, айуандық әрекеттерге барғанын ашына айтады. Осы қиын шақтағы бала жан дүниесіндегі жабырқауды, өксік, өкінішті автор өз бояуымен бере білген. Яғни, онда оқырманды ойландырмай қоймайтын, жауыздыққа, қатыгездікке сан мәрте лағнет айтатындай жолдар бар. Мәселен ақын былайша төгіледі:

"Жендеттер ауылды өртеп, елді шапты,
Аурудан әлсіз жатқан әкемді атты,
Анамның көз алдында арын төгіп
Інімді отқа тастап шырқыратты.
Сорлы анам азаппенен қаза тапты,
Мен емген ақ мамасын қылыш шапты,
Дірдектеп қан аралас анам сүті
Сорғалап топыраққа сіңіп жатты
Қансырап талмаусырап әкем жатты,
Інімнің албырт тәнін жалын жапты,
Мен тұрдым өлім, өмір арасында
Көзімнен қанды жасты сорғалатты

Әбден ашуға булыққан бала жайсыз хабарды партизан бауырларға жедел жеткізген соң үйпа-түйпасы шыққан, бүлінген, қираған өз үйіне қайта оралады. Пәтерді тонап, бүлік салған жендеттер бүлдіршінді ана жақтан бір, мына жақтан бір шарқ ұра іздесе де таппай қояды. Үйіне келген бала аузына автор салған сөз мейлінше мұңды, аянышты. Балғын қиналысы тағы да өлең жолдарымен өріледі.

Ақ төсін өлі анамның аймаладым,
Бір сорайын ақ мамаң қайдаладым,
Інімді қара күйік көрген шақта,
Бойым мұздап,ышқынды шыбын жаным
Маңдайға қара қошқыл қаны қатқан,
Әкемді құшақтадым өліп жатқан,
Көмусіз қалдыруға қия алмадым
Тапсырдым Днепрге тулап аққан.

Бойдағы бүкіл қайрат күші еріксіз ілгері бұлқынады. Бәрінен де айырылдым, ажырадым. Жалғыз тірі жүргеннен не ұтамын? Ой жетегіндегі бала әкесі құпия түрде сақтаған бір буда гранатты қару ретінде қолына алып, бұрынғы сельсоветтің мекемесіне ақырын басып, тақап барады. Жендеттер өздерінше мәз-мәйрам. Көңілді, сауық кешін құрып жатыр. Алдарында арақ-шарап, үйітілген тауық еті. Бала адамнан гөрі аңға тән айуандық көрсеткен, әкесін оққа ұшырған жауызды тез таниды. Шапшаң терезеге жақындайды. Іштей лағнет айтып, гранаттарды жауындай жаудырады. Көз алдында жендеттер бірінен кейін бірі өліп, жер жастанып жатыр.Ұзақ тұруға болмайды. Ісін тәмәмдап, ілгері заулай қашқанда арт жағынан бірнеше оқтар зуылдайды. Сөз соңында өзінің жол бойында 3 күн, 3 түн жүріп ну орманды кезіп, партизандарға жолығып отырғанын баяндайды. Осы аса тебіреністі сәтті Қайнекей ақын тәп-тәуір түйіндейді. Түнерген даланы, кегін қайтарған қайсар баланы,тентек толқынды Днепрді шебер суреттейді. Мәселен былай:

Егілді осыны айтып кекті бала,
Түнеріп аяғандай тұрды дала,
Днепр жатты толқып арнасында,
Жаралы жолбарыстай ыңырана.

Автор тақырыптан титтей де алшақтамайды. Соғыстан зардап шеккен ауыл, отбасы мүшелері елестейді. Оқиға шашыраңқы емес. Өрбіп отырады.Ұлы Ахаң, Ахмет Байтұрсынұлы өзінің әйгілі "Әдебиет танытқыш" кітабында "Бір нәрсе туралы ойға алған пікірді айтуға жұмсаған бүкіл сөзіміз мазмұн болып шығады" деп жазса, бұған аталған баллада нақты мысал. Тіл жағынан сөз қозғайтын болсақ, барынша түсінікті, ұғымды, мағыналы, мәнді екенін айту парыз әрине.

Жармағанбетовтің "Кекті бала' балладасы бұдан біраз жылдар бұрын, дәлірек айтсақ, Кеңес дәуірі тұсында дабылды түрде насихатталды. Өзге жақты қайдан білейін,Торғай, Қостанай жерінде өткен көркем сөзді мәнерлеп оқу байқауларында тұрақты репертуарға енді.Өзімнің туған қарындасым Айшагүл Оразбайқызы Арқалық педагогикалық институтының жоғарғы курсында оқып жүргенінде "Кекті баланы" жатқа білетін. Сахнада да сан мәрте орындады. Оқиғалы өлеңді беріле оқып, образ отауына еніп, өзін әлгі оқиғаның ортасында жүргендей сезінді. Қостанай теледидарында Бас редактор болып жұмыс істеген жылдары ақын Қайнекей Жармағанбетовтің туғанына 70 жыл толуына орай "Терең едің теңіздей" деп аталатын бағдарламаны экранға әзірледім. Сонда хабарға танымал жыршы Нағашыбай Алпысов қатынасып, "Кекті бала" балладасын домбырада орындады. Мақамы да, қоңыр дауысы да, айту шеберлігі де көрерменге қатты ұнады.

Қазір кино саласында маңдай терін төгіп жүрген режиссерлер оңды сценарий жоқ деп қақылдаудан қажыған жоқ. Көретін көз, сезетін жүрек, іркіліссіз ізденіс, таязда тайраңдай бермей, тереңге, інжу-маржанға сүңгу қайда? Көрнекті ақын Қайнекей Жармағанбетовтің туғанына жүз жыл толуы қарсаңында неге "Кекті бала" балладасы негізінде деректі фильм түсірмеске? Жеңіс мейрамында экранға шығарып тұрса, сол сұрапыл соғысқа куәгер ардагерлер де, ерлікке, өжеттікке, батырлыққа құмар қаршадай балалар да риза болар еді-ау.

Лирикалық сарын ырғағында дұрыс жүйеленіп, дамылсыз дами түсіп, оқиғаны өрнектей өрбітіп, өршітіп, қоюландыра, қалыңдатып, негізгі кейіпкер бейнесін, көңіл күйін, жаралы жан әлемін, ашу, ыза-кегін, қаһарманды іс әрекетін сәтті сомдаған "Кекті бала" балладасы шын мәнінде көркем, кесек туынды.Түйінді сөзде түйіп айтарымыз, туғанына 100 жыл толғалы отырған көрнекті ақын Қайнекей Жармағанбетов балладалары ұлттық рухани қазынадан ойып орын алуға әбден лайықты. Нанымды насихат болмаса, бәрі ұмытылады. Өздері жарық дүниеде алшаң басып жүрмесе де, санаға салиқалы сөздері сіңген қарымды Қайнекейдей қаламгерлер мұраларына көздің қарашығындай қамқорлықпен қарайықшы. Сонда ғана үкімет үкілеп қойған рухани жаңғырудың тамыры тереңге бойлап, жан-жаққа жайылады.

**Нағашыбай МҰҚАТОВ,**
**Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ақын**
**Қостанай қаласы**

# Апталық телебағдарлама

тамыздың 27-нен қыркүйектің 2-не дейін

## 27 тамыз, дүйсенбі

### ҚАЗАҚСТАН

6.05 Көңіл толқыны. 6.40 Сенбілік таң. 7.35 Қарекет. 8.40 Таңшолпан. 9.55 М.х. 10.35 Д.ф. "Жаныңда жүр жақсы адам-2". 11.10 Қызық екен... 12.00 Т.х. "Арман асуы". 13.05 Т.х. "Туған үй". 14.15 Т.х. "Сырғалым". 15.55 Т.х. "Қыздарым үшін". 17.00 Ақпарат. 17.15 Көңіл толқыны. 18.00 Қызық екен... 18.50 "Туған үй". 20.00 Ақпарат. 20.35 Қарекет. 21.35 "Арман асуы". 22.35 "Қыздарым үшін". 23.40 Түнгі студия. 0.15 Ақпарат.

### ХАБАР

7.00 Хабарлайын. 7.30 Тур де Хабар. 8.00 Жаңалықтар. 8.10 Тайны. Судьбы. Имена. 9.00 Новости. 9.10 Көрімдік. 9.30 Т.х. "Зәуре". 10.10 Алтын бесік. 10.40 Мечты сбываются. 11.10 Ана мен бала. 12.00 Новости. 12.10 Көрімдік. 12.25 Т.х. "Кеңесшілер". 13.00 Жаңалықтар. 13.10 Т.с. "Вишневый сезон". 15.00 Т.х. "Пәленшеевтер". 15.45 "Тағдыр тартысы". 16.05 "Зәуре". 16.45 Сана. 17.15 Ана мен бала. 18.10 Давайте говорить! 19.00 Жаңалықтар. 19.30 "Кеңесшілер". 20.05 Т.х. "Тығырық". 21.00 Итоги дня. 21.30 Т.х. "Қыз жолы". 22.15 Т.с. "Черный список". 23.30 Жаңалықтар. 0.00 Жанды дауыс.

### ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

8.00 Apta-Aqparat. 9.00 1 студия. 9.35 М.х. 10.05 Т.х. "Ана". 11.05 Дела житейские. 12.00 ТілекTime. 13.00 Aqparat. 13.40 М.ф. 14.00 Т.х. "Тігіншілер". 15.15 Д.ф. "Қазақ даласының құпиялары". 16.00 Т.х. "Айналайын". 17.05 М.с. 17.35 Д.с. "Сіз білесіз бе?". 18.00 Aqparat. 18.20 Елбесік. 18.40 Aqparat. 19.00 Первая студия. 19.30 Т.х. "Туған елдің түтіні". 20.30 Aqparat. 21.10 Д.ф. 21.30 Aqparat. 22.00 ТілекTime. 23.00 "Ана". 0.00 Aqparat.

### АСТАНА

6.00 Сырласу. 7.00 Күлпәштің хикаялары. 8.00 М.ф. "Маша и Медведь". 8.30 "Отважный рыцарь". 10.00 Т.х. "Қыз кегі". 11.10 Т.х. "Зехра". 12.20 Т.х. "Абысындар". 14.30 Tengeland. 15.00 Ruh.kz. 16.00 Т.с. "Королева игры". 17.20 Т.с. "Женатики 2". 18.50 "Зехра". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 "Қыз кегі". 22.00 "Абысындар". 0.00 Т.х. "Гүлдер шайқасы". 1.00 Т.х. "Махаббат дерті".

### НТК

7.05 М.х. 7.20 Жұлдыздар шеруі. 8.30 Күлкі базар. 9.10 Екі езу. 9.30 Т.с. "ЧОП". 11.00 Т.с. "Остров 2". 11.00 Х.ф. "Капитан Америка: Первый мститель". 14.10 М.с. 15.00 Байқа, балақай! 15.40 Бүлдір-күлдір. 16.30 Ең күлкілі әртістер. 17.30 Т.х. "Айжан". 18.00 Күлкі базар. 18.20 Екі езу. 18.40 91-TV. 19.10 Ревю. 19.50 "Остров 2". 20.30 Экстрасенсы ведут расследование. 22.00 Однажды в России. 22.20 91-TV. 22.50 Тек күлкі үшін. 23.30 Жолдағы қақтығыстар. 0.00 Х.ф. "Миссия невыполнима 3".

### 7 АРНА

6.00 Қыздар арасында. 6.45 Құырдақ. 7.15 Т.х. "Элиф". 9.00 Юрмала. 11.00 Q-елі. 12.00 Х.ф. "Помпеи". 14.00 Реальная мистика. 15.00 Өз ойым. 16.40 Т.х. "31 бөлімше". 17.20 Т.х. "Себебі сен". 18.30 Q-елі. 19.10 "Элиф". 20.10 Т.х. "Тағдырым шешілген күн". 21.10 Т.х. "Жаңа келін". 22.15 Х.ф. "Три икса 2: Новый уровень". 0.20 Реальная мистика. 1.20 Смеяться разрешается.

### 31 АРНА

6.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 7.00 Информбюро. 8.00 What`s Up? 9.00 Т.х. "Қыздың жолы жіңішке". 11.00 Готовим с Адель. 11.30 М.ф. "Рататуй". 13.40 Х.ф. "Васаби". 15.40 What`s Up? 16.00 Лотерея 777/ Лотерея KENO. 16.10 "Қыздың жолы жіңішке". 18.00 Орел и решка. 19.00 Т.с. "Кухня". 20.00 Информбюро. 21.00 What`s Up? 22.00 Т.х. "Фазилет ханым". 0.00 Т.х. "Сезім құдіреті". 2.00 Х.ф. "В лабиринте гризли".

### АЛАУ

6.00 Музыка настроения. 6.30 Жолың болсын, балақай. 7.00 Разбудильник. 9.00 РТН Подробности. 9.40 Почемучки. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 Көкейтесті сұхбат. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 Т.х. "Болашақ". 14.00 ПроАгро. 14.30 "7 передача". 15.10 Жолың болсын, балақай. 16.00 Жаңалықтар. 16.30 Өмір тынысы. 17.00 Көкейтесті сұхбат. 17.30 Жолың болсын, балақай. 18.00 Өмір ағымы. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 Қазақстан байтақ өлке. 20.00 РТН. 20.30 Дело №. 20.50 Торговый дом. 21.10 "Болашақ". 22.00 РТН. 22.30 Baby Гид. 23.00 Өмір ағымы. 0.00 Панорама дня.

### ЕВРАЗИЯ

8.00 Доброе утро. 11.00 Т.с. "Старушки в бегах". 12.00 Қалаулым. 15.00 Видели видео? 15.50 На самом деле. 16.50 Пусть говорят. 18.00 Жаңалықтар. 18.45 Пендеміз ғой. 20.00 Новости. 20.45 Т.с. "Ментовские войны 8". 22.35 П@ytina. 23.25 "Ментовские войны 8". 1.00 Т.с. "Оттепель". 2.00 П@ytina.

### КТК

7.05 Т.с. "Отважный и красавица". 7.50 Т.х. "Тағдыр қосқан асыл жар". 9.00 Юрмала. 10.40 Т.х. "Арена для убийства". 15.00 Кел, келінім. 18.00 Т.х. "Мұнайма, Нефисе". 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Новости. 21.30 Т.с. "Восточные сладости". 23.40 Т.с. "Паутина". 1.20 Было дело.

## 28 тамыз сейсенбі

### ҚАЗАҚСТАН

6.05 Концерт. 7.35 Қарекет. 8.40 Таңшолпан. 9.55 М.х. 10.35 Д.ф. "Жаныңда жүр жақсы адам-2". 11.10 Қызық екен... 12.00 "Арман асуы". 13.05 "Туған үй". 14.15 "Сырғалым". 15.55 "Қыздарым үшін". 17.00 Ақпарат. 17.15 Көңіл толқыны. 17.35 Табыс сыры. 18.00 Қызық екен... 18.50 "Туған үй". 20.00 Ақпарат. 20.35 Қарекет. 21.35 "Арман асуы". 22.35 "Қыздарым үшін". 23.40 Түнгі студия. 0.15 Ақпарат.

### ХАБАР

7.00 Әсем әуен. 8.00 Жаңалықтар. 8.10 Өмір жолы. 9.00 Новости. 9.10 М.с. 10.30 М.ф. "Цыпленок цыпа". 12.00 Новости. 12.10 Концерт. 13.00 Жаңалықтар. 13.10 К.ф. "Біржан сал". 15.20 Қызық times. 16.20 "Пәленшеевтер". 16.50 Астана жайлы 20 дерек. 17.00 Концерт. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 К.ф. "Ән аға". 21.00 Итоги дня. 21.30 К.ф. "Ән аға". 23.00 Концерт. 23.50 Жаңалықтар. 0.20 Жанды дауыс.

### ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

8.00 Apta-Aqparat. 9.00 1 студия. 9.35 М.х. 10.05 "Ана". 11.05 Жарқын бейне. 12.00 ТілекTime. 13.00 Aqparat. 13.40 М.ф. 14.00 "Тігіншілер". 15.15 "Айналайын". 17.00 М.с. 17.35 "Сіз білесіз бе?". 18.20 Регион 10. 18.40 Aqparat. 19.00 Первая студия. 19.30 "Туған елдің түтіні". 20.30 Aqparat. 21.10 Акцент. 21.30 Aqparat. 22.00 ТілекTime. 23.00 "Ана". 0.00 Aqparat.

### АСТАНА

6.00 Ruh.kz. 7.00 Жаңалықтар. 7.30 "20:30". 8.00 М.ф. "Маша и Медведь". 10.00 "Қыз кегі". 11.10 "Зехра". 12.20 "Абысындар". 14.45 Tengeland. 15.00 Ruh.kz. 16.00 Т.с. "Королева игры". 17.20 Т.с. "Женатики 2". 18.50 "Зехра". 20.00 Аналар. 20.30 "20:30". 21.00 "Қыз кегі". 22.00 "Абысындар". 0.00 "Гүлдер шайқасы". 1.00 "Махаббат дерті".

### НТК

7.05 М.х. 7.30 Жұлдыздар шеруі. 8.00 "Айжан". 8.30 Күлкі базар. 8.50 Екі езу. 9.10 Ревю. 9.30 "ЧОП". 10.00 "Остров 2". 10.30 Экстрасенсы ведут расследование. 12.00 Однажды в России. 12.50 Ревю. 13.10 М.ф. 15.00 Байқа, балақай! 15.40 Бүлдір-күлдір. 16.30 Ең күлкілі әртістер. 17.30 "Айжан". 18.00 Күлкі базар. 18.20 Екі езу. 18.40 91-TV. 19.10 Ревю. 19.50 "Остров 2". 20.30 Экстрасенсы ведут расследование. 22.00 Однажды в России. 22.20 91-TV. 22.40 Тек күлкі үшін. 0.00 Х.ф. "Уловки Норбита".

### 7 АРНА

6.00 Қыздар арасында. 6.45 Гу-гулет. 7.00 "Себебі сен". 8.00 "Элиф". 9.00 Смеяться разрешается. 11.00 Q-елі. 12.00 Х.ф. "Три икса 2: Новый уровень". 14.00 Реальная мистика. 15.00 Өз ойым. 16.40 "31 бөлімше". 17.20 "Себебі сен". 18.30 Q-елі. 19.10 "Элиф". 20.10 "Тағдырым шешілген күн". 21.10 "Жаңа келін". 22.15 Х.ф. "Быстрее пули". 0.20 Реальная мистика. 1.20 Смеяться разрешается.

### 31 АРНА

6.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 7.00 Информбюро. 8.00 What`s Up? 9.00 "Қыздың жолы жіңішке". 11.00 М.с. 13.00 Т.с. "Родители". 14.00 "Кухня". 15.00 Келіндер бәйгесі. 16.00 Лотерея 777/ Лотерея KENO. 16.10 "Қыздың жолы жіңішке". 18.00 Орел и решка. 19.00 "Кухня". 20.00 Информбюро. 21.00 What`s Up? 22.00 "Фазилет ханым". 0.00 "Сезім құдіреті". 02.00 Х.ф. "Паранормальное явление 3".

### АЛАУ

6.00 Тәулік тынысы. 6.30 Жолың болсын, балақай. 7.00 Разбудильник. 9.00 РТН. 9.30 Baby Гид. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 Көкейтесті сұхбат. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 Т.х. "Болашақ". 14.00 Дело №. 14.10 Рухани жаңарту. 14.40 Торговый дом. 15.10 Жолың болсын, балақай. 16.00 Жаңалықтар. 16.30 Қазақстан байтақ өлке. 17.00 Көкейтесті сұхбат. 17.30 Жолың болсын, балақай. 18.00 Өмір ағымы. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 Герои рядом. 20.00 РТН. 20.30 В ладу с природой. 21.00 "Болашақ". 22.00 РТН. 22.30 Неизведанный Казахстан. 23.00 Өмір ағымы. 0.00 Панорама дня. 0.30 "Болашақ".

### ЕВРАЗИЯ

8.00 Доброе утро. 11.00 "Старушки в бегах". 12.00 Қалаулым. 15.00 Видели видео? 15.50 На самом деле. 16.50 Пусть говорят. 18.00 Жаңалықтар. 18.45 Кеш қалмайық. 20.00 Новости. 20.45 "Ментовские войны 8". 22.35 П@ytina. 23.25 "Ментовские войны 8". 1.00 "Оттепель". 2.00 П@ytina.

### КТК

7.05 "Отважный и красавица". 7.50 "Тағдыр қосқан асыл жар". 9.00 Т.с. "От ненависти до любви". 12.20 Новости. 12.50 "Паутина". 15.00 Кел, келінім. 18.00 "Мұнайма, Нефисе". 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Новости. 21.30 "Восточные сладости". 23.40 "Паутина". 1.20 Было дело.

## 29 тамыз, сәрсенбі

### ҚАЗАҚСТАН

6.05 Концерт. 7.35 Қарекет. 8.40 Таңшолпан. 9.55 М.х. 10.35 Д.ф. "Жаныңда жүр жақсы адам". 11.10 Қызық екен... 11.55 "Іңкәр жүрек". 13.00 "Туған үй". 14.15 "Сырғалым". 15.55 "Қыздарым үшін". 17.00 Ақпарат. 17.15 Көңіл толқыны. 17.35 AgroQazaqstan. 18.00 Қызық екен... 18.50 "Туған үй". 20.00 Ақпарат. 20.35 Қарекет. 21.35 "Арман асуы". 22.35 "Қыздарым үшін". 23.40 Түнгі студия. 0.15 Ақпарат.

### ХАБАР

7.00 Хабарлайын. 7.30 Тур де Хабар. 8.00 Жаңалықтар. 8.10 Кинокафе. 9.00 Новости. 9.10 "Тығырық". 10.00 "Зәуре". 10.40 Сана. 11.10 Ана мен бала. 12.00 Новости. 12.10 Біздің назарда. 12.30 "Кеңесшілер". 13.00 Жаңалықтар. 13.10 "Вишневый сезон". 14.50 Спасаем жизни. 15.20 "Тағдыр тартысы". 15.50 "Зәуре". 16.30 "Қыз жолы". 17.15 Ана мен бала. 18.10 Давайте говорить! 19.00 Жаңалықтар. 19.30 "Кеңесшілер". 20.05 "Тығырық". 21.00 Итоги дня. 21.30 "Қыз жолы". 22.15 "Черный список". 23.00 "Тағдыр тартысы". 23.30 Жаңалықтар. 0.00 Жанды дауыс.

### ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

8.00 Apta-Aqparat. 9.00 1 студия. 9.35 М.х. 10.05 "Ана". 11.05 Ел мүддесі. 12.00 ТілекTime. 13.00 Aqparat. 13.40 Журналист меняет профессию. 14.00 "Тігіншілер". 15.10 "Қазақ даласының құпиялары". 16.00 Т.х. "Айналайын". 17.05 М.с. 17.35 "Сіз білесіз бе?". 18.00 Aqparat. 18.20 Рухани жаңғыру. 19.00 Первая студия. 19.30 Т.х. "Туған елдің түтіні". 20.30 Aqparat. 21.10 Блогер. 21.30 Aqparat. 22.05 ТілекTime. 23.00 "Ана". 0.00 Aqparat.

### АСТАНА

6.00 Ruh.kz. 7.00 Kaznet. 8.00 М.ф. "Маша и Медведь". 10.00 "Қыз кегі". 11.10 "Зехра". 12.20 "Абысындар". 14.30 "История успеха". 15.00 Ruh.kz. 16.00 "Королева игры". 17.20 Т.с. "Женатики 2". 18.50 "Зехра". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 "Қыз кегі". 22.00 "Абысындар". 0.00 "Гүлдер шайқасы". 1.00 "Махаббат дерті".

### НТК

7.05 М.х. 7.30 Жұлдыздар шеруі. 8.00 "Айжан". 8.30 Күлкі базар. 8.50 Екі езу. 9.10 Ревю. 9.30 "ЧОП". 10.00 "Остров 2". 10.30 Экстрасенсы ведут расследование. 12.00 Однажды в России. 12.40 Ревю. 13.00 Х.ф. "Паутина Шарлотты". 14.45 М.с. 14.55 Байқа, балақай! 15.40 Бүлдір-күлдір. 16.20 Ең күлкілі әртістер. 17.20 "Айжан". 17.50 91-TV. 19.10 Ревю. 19.50 "Остров 2". 20.30 Экстрасенсы ведут расследование. 22.00 Однажды в России. 22.20 91-TV. 22.40 Тек күлкі үшін. 0.00 Х.ф. "Континуум".

### 7 АРНА

6.00 Қыздар арасында. 6.45 Гу-гулет. 7.00 "Себебі сен". 8.00 "Элиф". 9.00 Смеяться разрешается. 11.00 Q-елі. 12.00 Х.ф. "Быстрее пули". 14.00 Реальная мистика. 15.00 Өз ойым. 16.40 "31 бөлімше". 17.20 "Себебі сен". 18.30 Q-елі. 19.10 "Элиф". 20.10 "Тағдырым шешілген күн". 21.10 "Жаңа келін". 22.15 Х.ф. "Гудзонский ястреб". 0.20 Реальная мистика. 1.20 Смеяться разрешается.

### 31 АРНА

6.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 7.00 Информбюро. 8.00 What`s Up? 9.00 "Қыздың жолы жіңішке". 11.00 М.с. 13.00 "Родители". 14.00 "Кухня". 15.00 Келіндер бәйгесі. 16.00 Лотерея 777/ Лотерея KENO. 16.10 "Қыздың жолы жіңішке". 18.00 Орел и решка. 19.00 "Кухня". 19.50 Лотерея LOTO 6/49. 20.00 Информбюро. 21.10 What`s Up? 22.00 "Фазилет ханым". 0.00 "Сезім құдіреті". 2.00 Х.ф. "Здравствуй, папа, Новый год!"

### АЛАУ

6.00 Тәулік тынысы. 6.30 Жолың болсын, балақай. 7.00 Разбудильник. 9.00 РТН. 9.30 В ладу с природой. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 Көкейтесті сұхбат. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 "Болашақ". 14.00 Неизведанный Казахстан. 14.30 Baby Гид. 14.50 "Почемучки". 15.00 Территория происшествий. 15.10 Жолың болсын, балақай. 16.00 Жаңалықтар. 16.30 Жүрек тынысы. 17.00 Көкейтесті сұхбат. 17.30 Жолың болсын, балақай. 18.00 Өмір ағымы. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 Қылмыстық іс №. 20.00 РТН. 20.30 7 передача. 21.00 "Болашақ". 22.00 РТН. 22.30 Герои рядом. 23.00 Өмір ағымы. 0.00 Панорама дня.

### ЕВРАЗИЯ

8.00 Доброе утро. 11.00 "Старушки в бегах". 12.00 Қалаулым. 15.00 Х.ф. "Испытание". 16.50 Пусть говорят. 18.00 Жаңалықтар. 18.45 Пендеміз ғой. 20.00 Новости. 20.45 "Ментовские войны 9". 22.35 П@ytina. 23.25 "Ментовские войны 9". 1.00 "Оттепель". 2.00 П@ytina.

### КТК

7.05 "Отважный и красавица". 7.50 "Тағдыр қосқан асыл жар". 9.00 "От ненависти до любви". 12.20 Новости. 12.50 "Паутина". 15.00 Кел, келінім. 18.00 "Мұнайма, Нефисе". 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Новости. 21.30 "Восточные сладости". 23.40 "Паутина". 1.20 Было дело.

## 30 тамыз, бейсенбі

### ҚАЗАҚСТАН

6.05 Концерт. 7.35 Қарекет. 8.40 Таңшолпан. 9.55 "Ата заң". Құттықтау. 10.00 М.ф. 11.20 Д.ф. "Жаныңда жүр жақсы адам-2". 11.50 Қызық екен... 12.40 Д.х. "Тұғырнама". 13.15 "Ата заң". Құттықтау. 13.20 Ретроконцерт. 14.15 Х.ф. "Әурелең". 15.35 "Ата заң". Құттықтау. 15.40 Концерт. 17.00 Ақпарат. 17.15 Арнайы жоба. 17.35 "Ата заң". Құттықтау. 18.05 Қызық екен... 19.00 "Әзіл әлемі". 20.00 Ақпарат. 20.35 Қарекет. 21.35 Концерт. 23.35 Түнгі студия. 0.10 Ақпарат.

### ХАБАР

7.00 Әсем әуен. 8.00 Жаңалықтар. 8.10 Өмір жолы. 9.00 Новости. 9.10 М.ф. 10.10 "Ангел в тюбитейке". 11.40 Әлемге ашық Қазақстан. 12.00 Новости. 12.10 Концерт. 13.00 Жаңалықтар. 13.10 "Путь лидера. Разрывая замкнутый круг". 14.50 Сана. 15.30 Концерт. 17.30 Арнайы хабар. 18.00 "Құстар әні". 19.00 Жаңалықтар. 19.30 "Құстар әні". 21.00 Итоги дня. 21.30 "Алмас қылыш". 23.40 Жаңалықтар. 0.10 Жанды дауыс.

### ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

8.00 Apta-Aqparat. 9.00 1 студия. 9.35 М.ф. 10.05 "Ана". 11.10 Регион 10. 11.30 Д.ф. "Президент арманы". 12.00 Тобыл әуендер. 13.40 Радуга. 14.00 "Тігіншілер". 15.10 "Қазақ даласының құпиялары". 16.00 "Айналайын". 17.05 М.с. 17.35 "Сіз білесіз бе?". 18.20 Акцент. 18.40 Д.ф. "Үлкен саясаттағы риясыз кездесулер". 19.00 Первая студия. 19.30 "Туған елдің түтіні". 20.30 Aqparat. 21.00 Аманат. 21.30 Aqparat. 22.05 "Отаным десем" Д.Таңатаровтың ән кеші. 23.00 "Ана". 0.00 "Туған жер" к.ф.

### АСТАНА

6.00 Ruh.kz. 7.20 Мерекелік концерт . 8.00 М.ф. "Маша и Медведь". 10.00 "Жұлдыздар айтысады" концерттік бағдарламасы. 12.00 "Абысындар". 14.20 Арнайы жоба. 14.40 "Той жыры". 15.00 "Ұлы дала баласы". 16.20 М.ф. "Маша и Медведь". 17.20 "Поднять якоря". 18.50 "Зехра". 20.00 Д.ф. "Астана - город будущего". 21.00 "Қыз кегі". 22.00 "Абысындар". 0.00 "Гүлдер шайқасы". 1.00 "Махаббат дерті".

### НТК

7.05 М.х. 7.30 Жұлдыздар шеруі. 8.00 "Айжан". 8.30 Күлкі базар. 8.50 Екі езу. 9.30 М.ф. "Долго и счастливо: Сказка наизнанку". 10.30 М.с. 11.00 Х.ф. "Паутина Шарлотты". 12.50 М.ф. "Облачно, возможны осадки в виде фрикаделек". 14.45 М.х. 14.55 Байқа, балақай! 15.40 Бүлдір-күлдір. 16.20 Екі езу. 16.40 Ең күлкілі әртістер. 17.40 "Айжан". 18.10 91-TV. 19.30 Однажды в России. 20.10 Х.ф. "5 причин не влюбиться в казаха". 20.22 Т.х. "Ауылдастар 2". 23.30 Тек күлкі үшін. 0.00 Х.ф. "Гордость и предубеждение и зомби".

### 7 АРНА

6.00 Қыздар арасында. 6.45 Гу-гулет. 7.00 "Себебі сен". 8.00 "Элиф". 9.00 Большой юбилейный бенефис В. Винокура. 11.00 Х.ф. "Гудзонский ястреб". 12.50 Х.ф. "Бойжеткен. Все из-за нее". 15.00 Өз ойым. 16.40 Х.ф. "Красавица и чудовище". 18.50 Х.ф."Отпетые напарники". 21.10 "Шпион по соседству". 23.30 Х.ф. "Уроки выживания". 0.40 Большой юбилейный бенефис В. Винокура. 2.30 Айнаонлайн.

### 31 АРНА

6.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 7.00 Информбюро. 8.00 What`s Up? 9.00 "Қыздың жолы жіңішке". 11.00 М.с. 13.00 "Родители". 14.00 "Кухня". 15.00 Келіндер бәйгесі. 16.00 Лотерея 777/ Лотерея KENO. 16.10 "Қыздың жолы жіңішке". 18.00 Орел и решка. 19.00 "Кухня". 20.00 М.ф. "Три богатыря и Шамаханская Царица". 21.50 Х.ф. "Хроники Нарнии: Лев, колдунья и волшебный шкаф". 1.00 "Сезім құдіреті".

### АЛАУ

6.00 Тәулік тынысы. 6.30 Жолың болсын, балақай. 7.00 Кастинг "25 ЗВЕЗД" посвященный 25 летию "АЛАУ". 9.00 РТН. 9.30 Неизведанный Казахстан. 10.00 Жадыра Арыстанова "Ақ баян" атты ән кеші. 11.00 Сержанәлінің "Моншақтым"- атты ән кеші. 13.00 "Болашақ". 14.00 Baby Гид. 14.20 Қылмыстық іс №. 15.00 Бұл менің өмірім. 15.10 Жолың болсын, балақай. 16.00 Әндер мен жылдар. 17.30 Жолың болсын, балақай. 18.00 Әділ Сламханың "Қиялдағы ару" атты ән кеші. 19.30 Маленькие путешествия по большому краю. 20.00 Неизведанный Казахстан. 20.30 ПроАгро. 21.00 "Болашақ". 22.00 Неизведанный Казахстан. 22.30 7 передача. 23.00 Роза Рымбаева "Ертеңіме сенемін" сахнада 40 жыл мерейтойлық концерт. 0.30 "Болашақ".

### ЕВРАЗИЯ

6.00 Т.х. "Терра нова". 7.20 Жаңалықтар. 8.15 Той заказ. 8.50 Ұшқалақ. 9.00 Х.ф. "Мой любимый призрак". 11.00 Я могу! 12.00 Қалаулым. 15.00 Добрый вечер, Казахстан! 16.00 Х.ф. "Поцелуев мост". 18.00 Жаңалықтар. 18.45 Концерт. 20.00 Новости. 20.45 Т.с. "Родная кровь". 22.35 П@ytina. 23.25 "Родная кровь". 1.00 "Оттепель". 2.05 П@ytina.

### КТК

7.05 "Отважный и красавица". 7.50 "Тағдыр қосқан асыл жар". 9.00 Д.ф. "Актауский саммит: Каспийская развязка". 9.35 "От ненависти до любви". 13.00 Х.ф. "Каникулы в Тайланде". 15.00 Кел, келінім. 18.00 "Мұнайма, Нефисе". 20.00 Д.ф. "Национальная безопасность". 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Новости. 21.30 "Восточные сладости". 1.20 Х.ф. "Каникулы в Тайланде".

## 31 тамыз, жұма

### ҚАЗАҚСТАН

6.05 Концерт. 7.35 Қарекет. 8.40 Таңшолпан. 9.55 М.х. 10.30 Д.ф. "Жаныңда жүр жақсы адам-2". 11.05 Қызық екен... 11.55 "Арман асуы". 13.00 "Туған үй". 14.15 "Сыралым". 15.55 "Қыздарым үшін". 17.00 Ақпарат. 17.15 Көңіл толқыны. 18.00 Қызық екен... 18.50 "Туған үй". 20.00 Апарат. 20.35 Арнайы жоба. 21.00 Қарекет. 22.00 "Арман асуы". 23.00 "Қыздарым үшін". 00.05 Концерт. 2.05 Ақпарат.

### ХАБАР

7.00 Концерт. 8.00 Жаңалытар. 8.10 Кинокафе. 9.00 Новости. 9.10 "Мерейлі отбасы". 10.00 "Алмас қылыш". 12.00 Жаңалықтар. 12.10 Концерт. 13.00 Жаңалықтар. 13.10 "Келинка тоже человек". 14.45 Қызық times. 15.45 Сана. 16.15 Концерт. 18.00 "Құстар әні". 19.00 Жаңалықтар. 19.30 "Құстар әні". 20.30 "Пай-пай 25!". 21.00 Итоги дня. 21.30 Х.ф. "Районы". 0.00 Международный турнир по ММА. 2.00 Жаңалықтар.

### ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

8.00 Apta-Aqparat. 9.00 1 студия. 9.35 М.х. 10.05 "Ана". 11.10 Д.ф. "Ұстаздық еткен жалықпас". 11.40 М.ф. 12.00 Тобыл әуендері. 13.40 М.ф. 14.00 "Тігіншілер". 15.10 "Қазақ даласының құпиялары". 16.00 "Айналайын". 17.05 М.с. 17.35 "Сіз білесіз бе?". 18.20 Топжарған. 19.00 Первая студия. 19.30 "Туған елдің түтіні". 20.30 "Әндер мен жылдар" концерттік бағдарлама. 23.00 В пятницу вечером. 0.00 "Абайлаңыз, есік жабылады." к.ф.

### АСТАНА

6.00 Концерт. 7.00 Kaznet. 8.00 М.ф. "Маша и Медведь". 10.00 Концерт. 11.10 "Зехра". 12.20 "Абысындар". 14.30 Kaznet. 15.00 Ruh.kz. 16.00 "Королева игры". 17.20 Т.с. "Женатики 2". 18.50 "Зехра". 20.00 "Reporter сынады". 20.30 Бірегей. Ермахан Ыбырайымов. 21.00 "Қыз кегі". 22.00 "Абысындар". 0.00 "Гүлдер шайқасы". 1.00 "Махаббат дерті".

### НТК

7.05 М.х. 7.30 Жұлдыздар шеруі. 8.00 "Айжан". 8.30 Күлкі базар. 8.50 Екі езу. 9.30 Такси. 10.00 М.ф. "Однажды в лесу". 11.10 М.ф. "Облачно, возможны осадки в виде фрикаделек". 13.00 Х.ф. "5 причин не влюбиться в казаха". 15.00 М.х. 15.20 Байқа, балақай! 15.45 Бүлдір-күлдір. 16.10 Екі езу. 16.40 Ең күлкілі әртістер. 17.40 "Айжан". 18.10 Ауылдастар 2". 19.30 Однажды в России. 20.10 Х.ф. "Смокинг". 22.20 Караоке-такси. 22.50 "Ауылдастар 2". 0.00 Х.ф. "Викинги".

### 7 АРНА

6.00 Қыздар арасында. 6.45 Гу-гулет. 7.00 "Себебі сен". 8.00 "Элиф". 9.00 День аиста. 9.10 Х.ф. "Уроки выживания". 11.00 Х.ф. "Красавица и чудовище". 13.10 Х.ф. "Белоснежка и Месть гномов". 15.00 Өз ойым. 16.40 Өнер қырандары. 18.30 Концерт К.Нуртаса. 21.10 Удивительные люди. 23.10 Х.ф."Отпетые напарники". 1.10 Х.ф. "999". 2.30 Айнаонлайн.

### 31 АРНА

6.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 7.00 What`s Up? 8.00 М.с. 9.00 «Қыздың жолы жіңшке». 11.00 М.ф. «Три богатыря и Шамаханская Царица». 12.40 Х.ф. «Хроники Нарии: Лев, колдунья и волшебный шкаф». 15.40 What`s Up? 16.00 Лотерея 777/ Лотерея KENO. 16.10 «Қыздың жолы жіңішке». 18.00 Айта берсін. 19.00 What`s Up? 20.00 М.ф. «Три богатыря: На дальних берегах». 21.40 Х.ф. «Хроники Нарнии: Принц Каспиан». 1.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері.

### АЛАУ

6.00 Музыка настроения. 6.30 Жолың болсын, балақай. 7.00 Концерт "25 ЗВЕЗД", посвященный 25-летию "АЛАУ". 10.00 "аракз" вокалды-инструменталды ансамблінің ән кеші. 11.00 Жан анам. 13.00 "Болашақ". 14.00 В ладу с природой. 14.20 Торговый дом. 14.40 Неизведанный Казахстан. 15.10 Жолың болсын, балақай. 16.00 Сағындырған әндер-ай. 17.30 Жолың болсын, балақай. 18.00 Сержанәлінің "Моншақтым"–атты ән кеші. 19.30 Өмір тынысы. 20.00 Неизведанный Казахстан. 20.30 7 передача. 21.00 "Болашақ". 22.00 Неизведанный Казахстан. 22.30 Маленькие путешествия по большому краю. 23.00 Әнші, композитор Шәмшия Ахметованы "Армансыз күнім болмайды" атты шығармашылық кеші. 0.30 "Болашақ".

### ЕВРАЗИЯ

6.00 «Терра нова». 7.45 Жұма уағызы. 8.00 Жаңалықтар. 8.50 шала. 9.00 Х.ф. «Муж на час». 11.00 Я могу! 12.00 алаулым. 15.00 Добрый вечер, Казахстан! 16.00 Х.ф. «Мой чужой ребенок». 18.00 Жаңалықтар. 18.45 Концерт. 20.00 Новости. 20.50 Поле чудес. 22.00 К.ф. «Класстар». 23.00 П@ytina. 20.00 Х.ф. «Золотая парочка». 2.15 П@ytina.

### КТК

7.05 "Отважный и красавица". 7.50 "Тағдыр қосқан асыл жар". 9.10 "От ненависти до любви". 12.20 Новости. 12.50 "Паутина". 15.00 Кел, келінім. 18.00 "Майма, Нефисе". 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Новости. 21.30 Х.ф. "Какой она была". 1.10 Было дело.

## 1 қыркүйек, сенбі

### ҚАЗАҚСТАН

6.05 Концерт. 7.35 Т.х. "Айналайын". 8.50 Дара жол. 10.00 Сенбілік таң. 11.00 Шипагер. 12.35 "Баланың көңілі". 12.50 М.ф. 16.20 Дала, сенің ұлыңмын! 18.25 Жайдарман. 20.00 1-Studio№ Ток-шоу. 21.00 Әлеуметтік-сараптамалық бағдарлама. 22.05 Qaiyrly kesh, Qazaqstan! 23.30 К.ф. "Ұлтжанды". 1.45 Т.х. "Достар".

### ХАБАР

7.00 Әсем әуен. 07.30 "Биле, Қазақстан!".09.00 Күнделік. "Мерейлі отбасы". 09.50 "Менің атым Қожа". 11.20 Өмір жолы. 11.50 Концерт. 12.50 Т.х. "Абзал жан". 14.20 Концерт. 15.20 Х.ф. "Районы". 17.00 Концерт. 18.30 Кім мықты? 19.30 Жұлдызды жекпе-жек. 21.00 7 күн. 22.00 Х.ф. "42". 0.15 "Абзал жан".

### ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

8.00 Жаңа күн. 9.00 Халық ертегілері. 9.30 К.ф. "Ш.Уәлиханов". 12.00 В пятницу вечером. 13.00 Блогер. 13.20 "Қазақ әдебиетінің абызы" д.ф. 13.50 "Кім патша болады?" м.ф. 14.00 Тобыл әуендері. 15.30 М.ф. 17.00 Т.х. "Достар". 18.00 "Біздің сүйікті дәрігер" к.ф. 19.30 Рухани жаңғыру. 20.00 Дела житейские. 21.00 Apta aqparat. 21.30 Топжарған. 22.00 Сазды сәлем. 22.25 К.ф. "Алекс және Эмма".

### АСТАНА

6.00 Kaznet. 7.00 "Бауыржан Fest". 8.00 М.ф. 10.00 "Қыз кегі". 11.10 "Зехра". 12.40 М.ф. "Маша и Медведь". 13.40 М.ф. 14.20 К.ф. "Менің атым Қожа". 16.20 Концерті. 18.50 "Зехра". 20.00 "Reporter ұсынады" бағдарламасы. 20.30 "Ел аузында бағдарламасы. 21.00 "Қыз кегі". 22.00 Х.ф. "Ты, только ты". 0.30 "Махаббат дерті".

### НТК

7.05 Д.ф. "Марвел, ғаламының құрылуы". 8.00 Жұлдыздар шеруі. 8.40 Екі езу. 9.20 Караоке-такси. 9.50 PRO-кино. 10.00 М.с. 10.40 Х.ф. "Смокинг". 12.40 М.ф. "Кот в сапогах". 14.20 Такси. 14.55 М.х. 15.20 Байқа, балақай! 15.45 Бүлдір-күлдір. 16.10 Жұлдыздар шеруі. 17.00 Ең күлкілі әртістер. Екі езу. 18.00 Тематик-шоу. 19.00 Күлкі базар. 19.20 InstaTV.KZ. 19.40 Екі езу. 20.25 Тек күлкі үшін. 21.00 Х.ф. "Гарри Поттер и философский камень". 0.10 Х.ф. "Без компромиссов".

### 7 АРНА

6.00 Қыздар арасында. 7.00 Алғашқы махаббат. 8.00 Гу-гулет. 9.00 Т.с. "Н2О: Просто добавь воды". 11.00 Х.ф. "Шпион по соседству". 13.00 Удивительные люди. 15.00 "Жаңа келін". 16.10 Концерт К.Нуртаса. 19.00 Шап, шаншар. 21.00 Юрмала. 22.50 Х.ф. "Доспехи Бога: В поисках сокровищ". 1.00 Х.ф. "Бойжеткен. Все из-за нее".

### 31 АРНА

6.00 Информбюро. 7.00 Ризамын. 8.00 М.ф. "Три богатыря: На дальних берегах". 9.30 What`s Up? 10.00 Готовим с Адель. 10.30 Өнер қырандары. 12.00 Фартовые деньги. 12.30 Х.ф. "Хроники Нарнии: Принц Каспиан". 15.30 What`s Up? 16.00 Лотерея 777/ Лотерея KENO. 16.10 К.ф. "Тиги Бу". 17.50 М.ф. "Три богатыря: Ход конем". 19.30 М.ф. "Три богатыря и Морской царь". 21.10 Фильм-концерт. 0.40 Х.ф. "Звездные войны: Эпизод 1 - Скрытая угроза".

### АЛАУ

6.00 Жадыра Арыстанова "Ақ баян" атты ән кеші. 7.00 "Жарай ма?" Әнші Ернар Айдардың шығармашылық кеші. 9.30 В ладу с природой. 9.50 Почемучки. 10.00 Туған ел. 11.00 Время Шелкового Пути. 11.30 Рухани жаңарту. 12.00 Творческое представление ARTiKO. 12.40 Неизведанный Казахстан. 14.00 "Алматының алмасы" Ескендір Хасанғалиевтің ән кеші. 15.30 Герои рядом. 16.00 ПроАгро. 16.30 Өмір тынысы. 17.00 7 передача. 17.30 Бұл менің өмірім. 18.00 Қазақстан байтақ өлке. 19.00 Қылмыстық іс №. 19.30 Астанаға 20 жыл. 20.00 РТН Подробности. 20.50 Герои рядом. 21.20 Маленькие путешествия по родному краю. 21.40 Әнші, композитор Шәмшия Ахметованың "Армансыз күнім болмайды" атты шығармашылық кеші. 0.00 Неизведанный Казахстан.

### ЕВРАЗИЯ

6.00 Т.х. "Темное королевство". 8.00 Жаңалықтар. 8.50 Ұшқалақ. 9.00 М.с. 9.30 Х.ф. "Как вернуть мужа за 30 дней". 11.40 Фабрика грез. 12.00 Концерт. 14.00 П@ytina+. 14.50 Видели видео? 15.35 Т.с. "Расплата". 19.50 X Factor. 21.00 Basty bagdarlama. 21.45 Кешкі кездесу. 23.00 Деген екен. 23.15 П@ytina+. 0.00 Х.ф. "Душа шпиона".

### КТК

7.05 Басты рөлде. 7.40 К.ф. "Көбелек". 9.30 Новости. 10.10 Х.ф. "Какой она была". 14.00 Наша правда. 115.00 Ән мен әнші. 15.30 Гала-концерт-халық барысы. 17.00 Үш театр. 19.20 Ар салмағы. 21.00 Х.ф. "Бизнес по-казахски в Америке". 23.00 Х.ф. "Сердце следователя". 2.30 Mamma mia.

## 2 қыркүйек, жексенбі

### ҚАЗАҚСТАН

6.05 Qaiyrly kesh, Qazaqstan! 7.40 Т.х. "Айналайын". 9.00 Ақсауыт. 9.25 ӘзілMan. 10.50 М.х. 11.10 Дара жол. 12.25 Д.ф. "Қуатты Қазақстан". 12.55 Т.х. "Жаңа қоныс-3". 14.05 К.ф. "Қарапайым қыз". 15.25 Т.х. "Өзгеге жұмбақ әлемім". 17.30 "Өмірдің өзі новелла". 18.25 Ulttyq arnada - Umytylmas әnder. 20.00 Апта. 21.05 Men qazaqpyn 22.35 Көңілді тапқырлар алаңы. 0.20 Дара жол. 1.25 Ақсауыт.

### ХАБАР

7.00 Қалжың қоржыны. 8.30 Әсем әуен. 9.45 М.с. 11.00 Хабарлайын. 11.30 "Абзал жан". 13.50 Кім мықты? 14.50 Х.ф. "42". 17.00 Концерт. 18.30 Қызық times. 19.30 Жұлдызды жекпе-жек. 21.00 7 күн. 22.00 Х.ф. "История рыцаря". 0.10 "Абзал жан".

### ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

8.00 Әуендер әлемі. 8.30 Халық ертегілері. 9.00 К.ф. "Гауһартас". 11.30 Аманат. 12.10 Көңілашар. 13.15 Радуга. 13.30 Халық ертегілері. 14.00 Тобыл әуендері. 16.00 М.ф. 17.00 "Достар". 18.00 Ел мүддесі. 19.00 К.ф. "Біз осында тұрамыз". 21.00 Apta aqparat. 21.30 1001 мамандық. 22.00 Сазды сәлем. 22.25 К.ф. "Айдаһарлар мәңгілік".

### АСТАНА

6.00 Kaznet. 7.00 Концерт. 8.00 М.ф. "Маша и Медведь". 10.00 "Қыз кегі". 11.10 "Зехра". 12.40 М.ф. "Маша и Медведь". 13.10 М.ф. 13.30 Х.ф. "Ты, только ты". 16.20 "Ән мен әзіл" концерттік бағдарламасы. 18.50 "Зехра". 20.30 "Аналар" бағдарламасы. Данагүл Темірсұлтанова. 21.00 "Қыз кегі". 22.00 Х.ф. "Невпопад". 0.30 "Махаббат дерті".

### НТК

7.05 Д.ф. "Марвел. Жетпіс бес жыл". 8.00 Жұлдыздар шеруі. 8.50 Екі езу. 9.30 М.с. 10.00 М.ф. "Кот в сапогах". 11.45 Х.ф. "Гарри Поттер и философский камень". 14.45 PRO-кино. 14.55 М.х. 15.20 Байқа, балақай! 15.45 Бүлдір-күлдір. 16.10 Жұлдыздар шеруі. 17.00 Ең күлкілі әртістер. 18.00 Тематик-шоу. 19.00 Күлкі базар. 19.20 InstaTV.KZ. 19.40 Екі езу. 20.25 Тек күлкі үшін. 21.00 Х.ф. "Гарри Поттер и тайная комната". 0.20 Х.ф. "Уиллард".

### 7 АРНА

6.00 Қыздар арасында. 7.00 Алғашқы махаббат. 8.00 Гу-гулет. 9.00 Х.ф. "Белоснежка и Месть гномов". 11.00 Т.с. "Между нами девочками". 15.00 "Жаңа келін". 17.00 Концерт. 19.10 Өнер қырандары. 20.00 Q-елі. 21.00 Х.ф. "Иностранец". 23.10 Х.ф. "Доспехи Бога: В поисках сокровищ". 1.10 Айнаонлайн.

### 31 АРНА

6.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 7.00 Ризамын. 8.00 М.с. 9.30 Фартовые деньги. 10.00 Фильм-концерт. 13.30 К.ф. "Тиги Бу". 15.10 What`s Up? 16.00 Лотерея 777/ Лотерея KENO. 16.10 М.ф. "Три богатыря: Ход конем". 17.50 М.ф. "Три богатыря и Морской царь".19.40 М.ф. "Три богатыря и Принцесса Египта". 21.20 What`s Up? 22.00 Фильм-концерт. 0.10 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері.

### АЛАУ

6.00 Қазақстан байтақ өлке. 7.00 Әндер мен жылдар. 9.00 Неизведанный Казахстан. 10.00 Торговый дом. 10.20 Неизведанный Казахстан. 10.50 В ладу с природой. 11.10 Почемучки. 11.20 Герои рядом. 12.00 ПроАгро 12.30 РТН Подробности. 13.20 Астанаға 20 жыл. 14.00 Сағындырған әндер-ай. 16.00 Жүрек тынысы. 17.00 Время Шелкового пути. 17.30 Неизведанный Казахстан. 18.30 Творческое представление ARTiKO. 19.00 Бұл менің өмірім. 19.30 Рухани жаңарту. 20.00 Маленькие путешествия по большому краю. 20.30 7 передача. 21.00 Туған ел. 22.00 Қазақстан байтақ өлке. 22.30 Өмір тынысы. 23.00 "Қаракөз" вокалды-инструменталды ансамблінің ән кеші. 0.00 Музыка настроения.

### ЕВРАЗИЯ

6.00 "Темное королевство". 8.00 Basty bagdarlama. 8.45 Воскресные беседы. 9.00 Лучше всех. 10.30 КВН. Премьер-лига. 12.15 Кешкі кездесу. 13.35 П@ytina+. 14.30 X Factor. 15.40 Т.с. "Красные браслеты". 20.00 Аналитика. 20.55 П@ytina+. 21.50 Т.х. "Ана жүрегі". 0.00 КВН. 2.20 П@ytina+.

### КТК

7.05 Сен де мен де. 9.00 Юрмала. 10.50 Х.ф. "Сердце следователя". 15.00 Х.ф. "Бизнес по-казахски в Америке". 17.00 "Алтын Күзім, Армысың!" 19.30 К.ф. "Өмірдің мәні". 21.00 Портрет недели. 22.10 Слуги народа. 22.50 Х.ф. "Дом с черными котами". 2.20 Mamma mia.

## Отпен ойнаймын деп...

Оқиға өткен жексенбіде Федоров ауданында болған. Отпен және бензинмен ойнаған 4 жасар Артем Логовчиннің аяғы қатты күйді. Қазір бала Қостанай облыстық ауруханасының жансақтау бөлімінде жатыр, – деп хабарлайды ҚазАқпарт агенттігі.

12 тамызда кішкентай Артемнің анасы оны жолдың ар жағында көрші тұратын балалармен ойнауға жіберіп, өзі үйде омыраудағы баласымен қалған.

"Көрші 10 жасар ұл бала мен 4 жастағы қыз үйде жалғыз қалған. Үлкені "Сендерге фокус көрсетейін бе, – деп жанып жатқан отқа шөлмектегі бензинді құйып жібереді. Сол кезде біздің ұлымыз дәл жанында тұрған. Оттың жалыны баламның трикосына тиіп, өртене бастаған. Ол үйге жүгіргенше трико түгелдей өртеніп, шалбарының жартысы ғана қалған. Көршіміз Артемді көріп, киімінен қалғанын шешіп алған", – деп еске алады Артемнің анасы.

Балалардың тентектігінің салдарынан 4 жасар Артемді үшінші дәрежелі күйік шалды. Бала бірден Федоров аудандық орталық ауруханасына жеткізілген. Дегенмен ол жерде балаға мардымды көмек көрсетілмегендіктен, анасы оны Қостанайға алып келді.

Қазір ол облыстық балалар ауруханасының жансақтау бөлімінде ауыр хал үстінде. Алда әлі тері ауыстыру операциясы күтіп тұр. Балаға қан қажет. Сондықтан, оның ата-анасы Артем Логовчиннің атына облыстық қан орталығана қан тапсыруды сұрайды.

## Жатақхана өртенді

Қостанай қаласында отбасылық жатақхана өртенді, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

Г.Сәтжанова есімді оқиға куәгерінің сөзінше, өрт түн ортасында шыққан. "Үйдің төменгі қабатынан ыстың иісі сезілді. Бастапқыда мән берген жоқпыз. Кенет айқай-шу басталып, тұрғындар өрттің басталғаны туралы дабыл қақты", – дейді куәгер. Ақпаратты облыстық төтенше жағдайлар департаменті растады.

Оқыс оқиға 21 тамыз күні сағат 00:39 шамасында болған. "Қостанай қаласындағы 5 қабатты отбасылық жатақхананың 2-қабатынан өрт шықты. Пәтерден 2 бала құтқарылды. Барлығы 84 адам қауіпсіз жерге көшірілді. Оның ішінде 15 бала бар", – деді облыстық ТЖД баспасөз қызметі.

Ведомствода мәлім етілгендей, өрттің нақты себептері әлі анықталып жатыр. Бастапқы болжам бойынша, балалар отты абайсыз қолданған болуы мүмкін.

## Пәтерден граната табылды

Қостанай облыстық Ішкі істер департаментінің ұйымдасқан қылмыспен күрес басқармасының қызметкерлері санкцияланған тінту жұмыстарының барысында Рудный тұрғынының үйінен танкіге қарсы қолданылатын граната тапты, деп хабарлайды ІІД-нің ҰҚҚК басқармасы бастығының міндетін атқарушы Бахтияр Бабағалиев.

Полиция қызметкерінің мәліметтеріне қарағанда, Рудный тұрғынын тәртіп сақшылары қаладағы фирмалардың бірінің директорынан 15 мың АҚШ долларын бопсалау барысында қолға түсірген.

"Полиция қызметкерлері күдіктінің үйін тінту кезінде танкіге қарсы қолданылатын "РПГ-22" гранатасын тапты. Ол қолдануға жарамды болып шықты. Сонымен қатар, олар 7,62 мм 2 оқ тапқан", – деп толықтырды Б.Бабағалиев.

45 жастағы күдікті ұсталып, уақытша ұстау изоляторына қамалды. Оның өзге қылмыстарға қатыстылығы тексерілуде. Қазір полиция қызметкерлері аталған факті бойынша сотқа дейінгі тергеу жұмыстарын жүргізуде.

**Ш.АҢСАҒАНҚЫЗЫ.**

ДІНІҢ – ДІҢГЕГІҢ

# Мешітті жөндеу басталды

Сатыбалды ишан қорына аудан халқынан түскен 12 миллион теңге қаржы негізінде Аманкелді селосындағы мешітке жөндеу басталды. Аталмыш діни орын алғаш пайдалануға берілгеннен бастап күні бүгінге дейін қыста салқын болып келді. Адамдар намазды қалың киім киіп оқып, көптеген қиындықтарды бастан кешті. Осыны ескерген ынталы топ мүшелері биылғы жылы қорға қаржы түсіріп, мешітті жөндемек болды. Бұл іске ауданның жеке тұрғындары мен мекеме, кәсіпорын қызметкерлері өздерінің үлесін қосты. Әркім шама-шарқына қарай қорға қаржы салды. Ағайынды Бәйзіровтер мен Түбекбаевтар қорға әрқайсысы миллион теңгеден қаржы құйды. Былайғылар да қарап қалған жоқ, 100 000, 50 000, 30 000, 20 000 теңгеден қаржы құйғандар қатары көп болды. Осының нәтижесінде, мешіттің ішкі жылу жүйесі тартылып бітті. Оны Әулиекөл ауданының жылу тарту шеберлері жасады. Мешіттің жаңа жылу жүйесінің жұмыс істеуі тексеруден өткізілді. Сапасы жоғары деңгейде деген баға берілді.

Қазіргі күні мешіттің сыртына қажетті жөндеу жұмыстары жүруде. Бұл шаруамен мешіт жамағаттары өз қалауларымен айналысуда. Олар мешітті ойдағыдай қаптауда. Намазхандар сенбі-жексенбі күндерінде де Алла үйіне өздерінің шын ниеттерімен жөндеу жасауда.

– Жөндеу жұмыстарының сапасы көңіліміздің шығып отыр. Әулиекөлдік шеберлерге айтар алғысымыз мол. Енді қалған жұмысты өзіміздің шеберлер мен намазхандар атқаруда. Амандық болса, алдымыздағы қыста мешітіміз жылы болып, намазхандар көптеп келіп, өздерінің мұсылмандық парызын жақсылап атқаратын болады деген сенімдеміз! – дейді мешіт имамы Жандарбек Мүбәрәқұлы.

**Х.МҰСАБАЕВ.**

Аманкелді ауданы.

# Өрт сөндіру бекеті ашылды

**Қарлығаш ОСПАНОВА**

Жақында Қамысты ауданындағы Алтынсарин ауылында серіктестік директоры Борис Князевтің демеушілігімен өрт сөндіру бекеті ашылды. Бұл әрине шалғайда жатқан ауылдағы ағайын үшін елеулі жаңалықтың бірі болды. Аталмыш өрт бекеті тек Алтынсарин ауылын ғана емес, көршілес Клочково мен Арқа ауылдарын да тілсіз жаудан қорғайтын болады. Жаңа бекетте өрт сөндірушілер тынығатын, тамақтанатын бөлме және техника қоятын жылы ғимарат бар. Өртке қарсы жарақтандырылған арнайы техника да дайын тұр. Сондай-ақ, серіктестік директоры өрт сөндіруге арналған сыйымдылығы сегіз текше метр болатын "КамАЗ" көлігін де сатып алыпты. Жалпы, бекетте он адам жұмыс істейтін болады.

"Әкімдіктің 2016 жылғы 23 мамырдағы № 246 "Қостанай облысы елді мекендерінің көшелерін күтіп ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыстар түрлерінің сыныптамасын бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" атты Қостанай облысы әкімдігі қаулылары жобаларының мәтіндері қаулы жобаларының әзірлеушісі – "Қостанай облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" ММ-нің Интернет-ресурсында (www.kolikgol.kostanay.gov.kz) "НҚА" - "НҚА жобалары" бөлімінде орналастырылған.

Текст проекта постановления акимата Костанайской области "О внесении изменения в постановление акимата от 23 мая 2016 года № 246 "Об утверждении классификации видов работ, выполняемых при содержании, текущем, среднем и капитальном ремонтах улиц населенных пунктов Костанайской области" размещены на Интернет-ресурсе разработчика проектов постановления – ГУ "Управление пассажирского транспорта и автомобильных дорог акимата Костанайской области (www. kolikgol.kostanay.gov.kz) в разделе "НПА" - "Проекты НПА".

# Төлем карталарын пайдаланудың артықшылығы

Еліміздің төлем жүйесінің күннен күнге дамып, жаңа технологиялар мен құралдардың көбеюіне қарамастан, бүгінгі таңда төлем карталарының саны мен түрлері өсіп, халық арасында қолданыс-қа кең таралып отыр.

Төлем карталарының қандай артықшылықтары бар екен, соған тоқталайық.

**Біріншіден,** оның қауіпсіздігі. Бұл дегеніңіз, төлем картасын жоғалтып немесе ұрлатып алсаңыз да, ақшаңызды жоғалтпайсыз, өйткені, картаңыздың арнайы ДСН кодын (ПИН кодын) білмейтін адам ақшаңызды ол картадан ала алмайды. Сондай-ақ, егер бірден банкпен телефон арқылы хабарлассаңыз сіздің карта арқылы төлем жүргізу тоқтатылады, демек, банк жаңа карта шығарып бергенше, шотыңыздағы ақшаңызды ешкім алмайды.

**Екіншіден,** карта арқылы есеп айырысу тез және ыңғайлы. Дүкендерде немесе супермаркеттерде болсын, кафе, мейрамханалар, жанар май құю бекеттерінде болсын, сұлулық салонында, дәріханаларда болсын, картамен төлем тез жүргізіледі. Әсіресе, интернет арқылы есептесу өте оңай, әрі ыңғайлы. Бүгінде интернет және мобильді банкинг арқылы кез келген қызметті төлеуге болады, яғни, коммуналдық қызметтерді, кредитті төлеу, депозиттерді ашу және оны үйден шықпастан басқару, мобильді шоттарды, телефон, интернет қызметін төлеу, карточка арқылы ақша аудару немесе инвестиция жасау сияқты қажетті төлемдерді жүргізуге болады. Сондай ақ, карта арқылы жүргізілген төлемдер үшін, көбіне, ақы алынбайды немесе банктің комиссиясына қарағанда арзан болады.

**Үшіншіден,** оның жан жақтылығы. Халық-аралық төлем жүйесінің төлем карталарын шет елдерде де пайдалануға болады (Visa, MasterCard). Сондықтан, саяхатқа немесе іссапарға шыққанда ақшаңыздың басты бөлігін шотта қалдырған дұрыс. Олай болса, барлық ақшаңызды сөмкеңізде, не қалтаңызға салып жүрмейсіз, бұл бір жағынан, өте ыңғайлы болса, бір жағынан қауіпсіз болады. Басқа елде төлем карталары арқылы есеп айырысудың тағы бір артықшылығы, айырбастау пунктеріне қарағанда, валюта айырбастау тиімді бағаммен жүргізіледі және сатып алған тауар немесе қызмет үшін POS-терминал арқылы төлем жүргізсеңіз комиссия алынбайды, ал конвертация, тағы да айта кетейік, тиімді курспен жүргізіледі.

Төлем карточкасын қолдануға байланысты қандай да бір қиындақтар туындаса немесе картаңызды жоғалтып алсаңыз, осы карточканы шығарған банкпен хабарласу керек. Банкің Call-center нөмірін ресми интернет сайтынан қарап білуге болады.

**Ұлттық Банкінің Қостанай филиалы.**

**"Аскярова Гюльнара Асрадовна" ШҚ сенімді тұлғасы – Башпаева Фарида Самаркановна кепілдік мүлікті сот қарауынан тыс өткізу тәртібінде сауда жүргізеді:**

жалпы алаңы 23,5 га, оның егістік жері – 23,5 га , жалға беру мерзімі 07.02.2052 жылға дейін, Қостанай облысы, Алтынсарин ауданы, Димитров селолық округі аумағында орналасқан, кадастрлік нөмірі 12-178-003-100, мақсаттық нысаны – шаруа қожалығын жүргізуге арналған, бөлінетін жер теліміне уақытша ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығы;

жалпы алаңы 70,7 га, оның егістік жері – 70,7 га, жалға беру мерзімі 07.02.2052 жылға дейін, Қостанай облысы, Алтынсарин ауданы, Димитров селолық округі аумағында орналасқан, кадастрлік нөмірі 12-178-003-10, мақсаттық нысаны – шаруа қожалығын жүргізуге арналған, бөлінетін жер теліміне уақытша ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығын;

жалпы алаңы 32,4 га, оның ішінде жайылым КУ - 32,4 га,жалға беру мерзімі 07.02.2052 жылға дейін, Қостанай облысы, Алтынсарин ауданы, Димитров селолық округі аумағында орналасқан, кадастрлік нөмірі 12-178-003-102, мақсаттық нысаны – шаруа қожалығын жүргізуге арналған, бөлінетін жер теліміне уақытша ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығы.

Сатып алатын бағаның төлеу мерзімі мен тәртібі – сауда аяқталу мерзімінен 10 күнтізбелік мерзімінде.

Сауда **2018 жылғы 7 қыркүйек**, 11.00 сағатта мына мекенжайда болады: Қостанай облысы, Алтынсарин ауданы, Танабай с., "Аскярова Гюльнара Асрадовна" ШҚ кенсесі.

Өтінімдер 2018 жылғы **06 қыркүйекке** дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай облысы, Алтынсарин ауданы, Силантьевка с., О.Шипин к-сі 1. Анықтама тел.: (71445) 21172, 87478331898.

**Башпаева Фарида Самаркановна, доверенное лицо КХ "Аскярова Гюльнара Асрадовна"- в порядке внесудебной реализации заложенного имущества проводит торги по продаже:**

Право временного долгосрочного землепользования, делимый земельный участок общей площадью 23,5га, из них пашни- 23,5га, сроком аренды до 07.02.2052 года, расположенный по адресу: Костанайская область, Алтынсаринский район, Димитровский сельский округ, кадастровый номер 12-178-003- 100, целевое назначение: для ведения крестьянского хозяйства

Право временного долгосрочного землепользования, делимый земельный участок общей площадью 70,7га, из них пашни – 70,7га, сроком аренды до 07.02.2052 года, расположенный по адресу: Костанайская область, Алтынсаринский район, Димитровский сельский округ, кадастровый номер 12-178-003- 101, целевое назначение: для ведения крестьянского хозяйства.

Право временного долгосрочного землепользования, делимый земельный участок общей площадью 32,4га, из них пастбищ КУ -32,4га. сроком аренды до 07.02.2052 года, расположенный по адресу: Костанайская область, Алтынсаринский район, Димитровский сельский округ, кадастровый номер 12-178-003- 102, целевое назначение: для ведения крестьянского хозяйства.

Порядок и сроки уплаты покупной цены - в течение 10 календарных дней с момента завершения торгов. Торги состоятся **7 сентября 2018 года**, в 11-00 часов, по адресу: Костанайская область, Алтынсаринский район, с. Танабай, офис КХ " Аскярова Гюльнара Асрадовна".

Заявк принимаются в срок до 18 часов **06 сентября** 2018 года по месту нахождения доверенного лица Костанайская область, Алтынсаринский район, с. Силантьевка. ул. О. Шипина,1, Тел. для справок (71445) 21172. 87478331898

Новоселова В.А ШҚ сенімді тұлғасы Мендекинов Нурлан Менайдарович кепілдік мүлікті соттан тыс өткізу тәртібімен, Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы, Киров селолық округі аумағында орналасқан шаруа қожалығын жүргізуге арналған, алаңы 72,0 га, кадастрлік нөмірі 12-184-021-071 , алаңы 30,4 га, кадастрлік нөмірі 12-184-021-072 бөлінетін жер телімдеріне уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығын сату жөнінен сауда өткізілетіні туралы хабарлайды.

Сатып алу бағасы қолма-қол ақшамен сауда өткізілген сәттен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде енгізіледі.

Сауда 2018 жылғы 4 қыркүйекте сағат 10.00-де мына мекенжайда болады: Ұзынкөл ауданы, Кировское с., Мәдениет үйі.

Өтінімдер 2018 жылғы 3 қыркүйек сағ. 18.00-ге дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы, Ұзынкөл с., Медгородок к-сі, №3 үй, 2 пәтер. Тел. 87056032853.

## "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ арқылы Қостанай қ-да, Аэропорт шағын ауданында "Нұрлы жер" бағдарламасы аясында 328 пәтер жүзеге асырылып жатыр

Тұрғын үйдің 1 ш.м. бағасы: "таза" әрленгенде 140 000 теңге. ҚТҮҚЖБ салымшыларынан өтініштерді қабылдау baspana.kz порталында жүргізіледі.

**Нысан коды 1100: "Қостанай қаласындағы Әуежай ықшам ауданында 9-қабатты үйдің құрылысы, 46-1 позициясы (сыртқы инженерлік желілерсіз)"**

Пәтер түрі 1, 1-бөлмелі: 14 пәтер, ең жоғарғы ауданы 33,01 ш. м.

Пәтер түрі 2, 2-бөлмелі: 16 пәтер, ең жоғарғы ауданы 56,16 ш. м.

**Өтініштерді қабылдау мерзімі: 2018 жылдың 08 тамызынан бастап 06 қыркүйекке дейін.**

**Нысан коды 1098: "Қостанай қаласындағы Әуежай ықшам ауданында 9-қабатты үйдің құрылысы, 46 позициясы (сыртқы инженерлік желілерсіз)"**

Пәтер түрі 1, 1-бөлмелі: 39 пәтер, ең жоғарғы ауданы 33,95 ш.м.

Пәтер түрі 2, 2-бөлмелі: 26 пәтер, ең жоғарғы ауданы 55,43 ш.м.

Пәтер түрі 3, 2-бөлмелі: 17 пәтер, ең жоғарғы ауданы 69,70 ш.м.

Пәтер түрі 4, 3-бөлмелі: 2 пәтер, ең жоғарғы ауданы 70,25 ш.м.

**Өтініштерді қабылдау мерзімі: 2018 жылдың 08 тамызынан бастап 06 қыркүйекке дейін.**

**Нысан коды 1097: "Қостанай қаласындағы Әуежай шағын ауданында 9 қабатты үйдің құрылысы, 42 позициясы (сыртқы инженерлік желілерсіз)"**

Пәтер түрі 1, 1-бөлмелі: 50 пәтер, ең жоғарғы ауданы 33,95 ш. м.

Пәтер түрі 2, 2-бөлмелі: 29 пәтер, ең жоғарғы ауданы 55,43 ш. м.

Пәтер түрі 3, 2-бөлмелі: 17 пәтер, ең жоғарғы ауданы 69,70 ш. м.

Пәтер түрі 4, 3-бөлмелі: 3 пәтер, ең жоғарғы ауданы 70,25 ш. м.

**Өтініштерді қабылдау мерзімі: 2018 жылдың 04 тамызынан бастап 03 қыркүйекке дейін.**

**Нысан коды 1096: "Қостанай қаласындағы Әуежай шағын ауданында 9 қабатты үйдің құрылысы, 41-1 позициясы (сыртқы инженерлік желілерсіз)"**

Пәтер түрі 1, 1-бөлмелі: 14 пәтер, ең жоғарғы ауданы 33,01 ш.м.

Пәтер түрі 2, 2-бөлмелі: 15 пәтер, ең жоғарғы ауданы 56,01 ш.м.

**Өтініштерді қабылдау мерзімі: 2018 жылдың 04 тамызынан бастап 03 қыркүйекке дейін.**

**Нысан коды 1093: "Қостанай қаласындағы Әуежай шағын ауданында 9 қабатты үйдің құрылысы, 41 позициясы (сыртқы инженерлік желілерсіз)"**

Пәтер түрі 1, 1-бөлмелі: 46 пәтер, ең жоғарғы ауданы 33,95 ш.м.

Пәтер түрі 2, 2-бөлмелі: 19 пәтер, ең жоғарғы ауданы 55,43 ш.м.

Пәтер түрі 3, 2-бөлмелі: 18 пәтер, ең жоғарғы ауданы 69,70 ш.м.

Пәтер түрі 4, 3-бөлмелі: 3 пәтер, ең жоғарғы ауданы 70,25 ш.м.

**Өтініштерді қабылдау мерзімі: 2018 жылдың 04 тамызынан бастап 03 қыркүйекке дейін.**

**Қатысу шарттары:**

**– ҚТҮҚЖБ сайтында немесе baspana.kz порталында "Нұрлы жер" бағдарламасына қатысуға өтініш беру**

**– Пәтерді сатып алуға заемды рәсімдеу мүмкіндігі үшін тұрғын үйдің құнынан 20%-дан кем емес ҚТҮҚЖБ шотында болу қажет (можно внести единовременно или накопить на депозите)**

**– Несие бойынша жылдық мөлшерлеме – 5% (ЖТСМ – 5,2% жылдық);**

***Толық ақпаратты "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ бөлімшелерінен, 300 нөмірі бойынша және Банктің кеңес берушілерінен хабарласуыңызды сұраймыз.***

Замшихин Юрий Александровичтің сенімді тұлғасы Лаптев Михаил Анатольевич кепілдік мүлікті соттан тыс өткізу тәртібімен Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Алешинка селолық округі аумағында орналасқан, шаруа қожалығын жүргізуге арналған жер теліміне уақытша ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығын сату жөнінен сауда өткізілетіні туралы хабарлайды.

– алаңы 20,4 га, кадастрлік нөмірі 12-185- 026-218 жер телімі.

Сауда 2018 жылғы 04 қыркүйек сағат 9.00-де мына мекенжайда болады: Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Боровское селосы, Базарная көшесі, 34.

Саудаға қатысуға өтінімдер 2018 жылғы 03 қыркүйек сағ. 17.00-ге дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Боровское с., Базарная көшесі, 34. Анықтама үшін тел. 8(71443) 21731

Доверенное лицо Замшихина Юрия Александровича Лаптев Михаил Анатольевич в порядке внесудебной реализации залогового имущества объявляет о проведении торгов по реализации права временного долгосрочного землепользования на земельные участки, предназначенные для ведения крестьянского хозяйства, расположенные на территории: Алешинского сельского округа, Мендыкаринского района, Костанайской области.

– земельный участок площадью 20,4 га, кадастровый номер 12-185-026-218.

Торги состоятся 04 сентября 2018 года в 9.00 часов по адресу: Костанайская обл., Мендыкаринский район, с. Боровское, ул. Базарная, 34

Заявки на участие в торгах принимаются до 17-00 часов 03 сентября 2018 г. по месту нахождения доверенного лица: Костанайская обл., Мендыкаринский район, с. Боровское, ул. Базарная, 34. Тел. Для справок 8(71443) 21731

Рогозин А.Н сенімді тұлғасы Ерушенко Анатолий Алексеевич кепілдік мүлікті соттан тыс өткізу тәртібімен Қостанай облысы, Қостанай ауданы,Ұзынкөл ауданы, Киевский селолық округі аумағында орналасқан шаруа қожалығын жүргізуге арналған алаңы 44,0 га, кадастрлік нөмірі 12-184-035-043, алаңы 19,0 га, кадастрлік нөмірі 12-184-035-044 бөлінетін жер телімдеріне уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығын сату жөнінен сауда өткізілетіні туралы хабарлайды. Сатып алу бағасы қолма-қол ақшамен сауда өткізілген сәттен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде енгізіледі. Сауда 2018 жылғы 4 қыркүйек, сағ. 10.00-де мына мекенжайда болады: Ұзынкөл ауданы, Миролюбовка с., мәдениет үйі.

Өтінімдер 2018 жылғы 3 қыркүйек 17.00 сағатқа дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы, Ершовка с.,тел.87774279294.

# Қостанайлықтар Елорда құшағында

**Биыл Астана қаласының 20 жылдығына орай ұйымдастырылған іс-шаралар аз емес. Бұның бәрі қазақстандықтардың елордаға деген ыстық ықыласынан болып отыр. Бұл мерейлі күн Қазақстанның түкпір-түкпірінде кең көлемде аталып өтті. Сондай-ақ, түрлі шығармашылық ұжым елорда төрінде өнер көрсеткен-ді.**

**Кенже ҚОНЫСБАЙ**

Жуырда ғана Е.Өмірзақов атындағы облыстық филармонияның өнерпаздары "Қазыналы Қостанайдан арайлы Астанаға" атты концерттік бағдарламасын елорда тұрғындарына ұсынып қайтқан болатын. Шара Астанадағы "Этноауыл" ұлттық мәдени кешенінде өтті. Тобыл-Торғайдың таланттары қойған концертті Астана жұрты жылы қабылдады.

Тек облыста ғана емес, еліміздің өзге де өңірлерінде тыңдармандары қалыптасып үлгерген "Ақжелең" фольклорлық-этнографиялық ансамблі айтулы концерттің шымылдығын түрді. Көркемдік жетекшісі – ҚР Мәдениет қайраткері Назымбек Молдахметов.

– Қостанай облыстық мәдениет басқармасының қолдауымен Астананың 20 жылдығына арналған мерекелік концертіміз сәтті өтті. Елордада өз көрермендеріміз бар десек те болады. Ертеректе көшіп кеткен қостанайлықтар және Тобыл-Торғай өнеріне сүйсінетін жалпы өнер жанашырлары біздің ұжымның гастролін асыға күтеді. Бұл жолы да көрермен көп болды. Ұйымдастырушылар да жақсы қарсы алып, қызмет қылды. Біз өнер көрсеткен зал да тамаша. Өнерпаздардың арқалары қозып, шабыттана ән-күйден шашу шашты. Сол жақтағы өнерпаз бауырларымыз да келіп, бір сахнаға қатар шықты, – дейді облыстық Е.Өмірзақов атындағы филармония директорының міндетін атқарушы Дәмір Қалқаев.

Бұдан соң сахна төріне белгілі әнші Манапбек Қадыров көтерілді. Ол арнайы Астананың 20 жылдығына жазылған Абылай Мауда новтың арнауын орындады. Сондай-ақ, қазақ халқының сүйікті әншісі Қалибек Деріпсалдин де әннен шашу шашты. Ол Серікбай Оспановтың сөзіне жазылған "Айлы түнде" әнін орындап, көрермен көңілінен орын тапты. Одан соң Е.Үсенов, Қадір-Майра Қаржауовтар және Талғат Молдағалиев сынды әншілер өнер көрсетті.

– Концерттік бағдарлама екі бөлімнен тұрады. Әуелгі бөлігінде дәстүрлі әндер шырқалса, екінші бөлігінде эстрадалық әуендер орындалды. Биыл Құрманғазы күйшінің туғанына 200 жыл. Сол себепті "Ақжелең" ансамблі бірінші бөлімді Құрманғазының "Адайы" мен Дәулеткерейдің "Көрғұлы" күйімен жапты. Одан кейінгі бөлікті қостанайлық "Нью-бойс" тобы "Қазақстан" әнімен ашып, біздің жерлесіміз, белгілі әнші Әмре жалғастырды, – дейді Д.Қалқаев.

Жалпы, Қостанайдан 25 өнерпаз аттанған. Бас-аяғы отызға жуық ән мен күй орындалды. Өнер ұжымы Қостанайға оралып, алдағы маусымның әзірлігіне кірісті. Назымбек Молдахметов бастаған оркестр Құрманғазының 200 жылдығына арналған концертке дайындалу үстінде.

МӘСЕЛЕ

# БАҒА БАҒЫНБАЙ ТҰР

Жаңа оқу жылы жақындаған сайын ата-аналардан маза қашты. Әсіресе, топты бала-шаға өсіріп отырғандарды бұл мезгіл шыны-мен-ақ тығырыққа тіреп тастайды.

Бүгінгідей не нәрсенің де бағасы ұшып тұрған кезде баланы мектепке дайындау кім-кімге де оңай соқпасы анық. Оның үстіне баға маусым сайын мың құбылады. Зауқайыр Қостанайдағы мектеп базарларына бара қалсаңыз, бағадан басыңыз айналады. Бәрі қымбат. Бірақ, бәрібір сатып алуға мәжбүрсіз.

Иә, қанша жерден отбасы бюджеті көтермесе де, балаңыз үшін қалтаңыздың түбін қағуға тура келеді. Өйткені, оларды қатарынан қалдырғыңыз жоқ. Жаңа оқу жылына жұрттың баласы сияқты сәнді киініп барғанын қалайсыз. Сөйтесіз де киім-кешектің, оқу құралдарының бағасына бір қарайсыз, сапасына тағы екі үңілесіз.

Біздегі мектеп тауарларының басым бөлігі сырттан тасымалданады. Қазір Түркия, Ресей, Қырғызстаннан әкелінген мектеп формалары қай жерде де самсап тұр. Олардың бағалары да әр қилы. Мәселен, ақ жиделер 3500-4000 теңге тұрса, бір шалбардың бағасы 4000-4500 теңге көлемінде. Сөмкелердің 5000-5500 теңгеден төмені жоқ.

Жалпы, бір баланы мектепке толық дайындау үшін қанша қаржы қажет? Біз бұл сауалды қала тұрғындарына қойып көрдік.

**Гүлбаршын:** Балаларымызды ақырындап жаңа оқу жылына дайындап жатырмыз. Бір баланы мектепке дайындау үшін кем дегенде, 30-35 мың теңге кетеді. Қажет киімдер мен оқу құралдарын қала базарларынан аламыз. Бағалары удай! Амалдың жоқтығынан аламыз.

**Мұрат:** Мектепке баратын баламды оқуға дайындау үшін тек дәптер, сөмкесі мен киіміне 30 мың теңге жұмсадық. Егер мектептерінде оқулық жетіспеген жағдайда, оны да өзіміз сатып аламыз. Сонда бір баланы оқу жылына дайындау үшін 40-45 мың теңге керек.

**Мәдина:** Қазір мектеп формалары қымбат. Біз үш баламызды мектепке дайындап жатырмыз. Кішкентайымызды мектепке дайындау үшін 30-40 мың теңге кетті. Ал үлкен баламызды киіндіруге 40-45 мың жұмсадық.

Енді өздеріңіз бағамдай беріңіздер, отбасында үш баласы бар ата-аналар сонда 130-140 мың теңгедей шығынданады. Тұрақты табысы бар ата-аналар үшін бұл бәлендей көп сома болмауы да мүмкін. Дегенмен, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар үшін қиынға соғары анық.

Бұған мектеп тауарларын сатушылардың айтар өз уәжі бар. Қаладағы "Балалар әлемі" дүкенінің алдында ашылған "Мектеп базары" сатушыларының бірі Эльмира Молдағалиева бұл проблеманы тасымал шығындарымен байланыстырады.

– Мәселе енді мынада: біздегі тауарлардың бәрі сырттан әкелінеді. Яғни, жол шығыны бар, сосын тауар бағасы да уақыт озған сайын өзгеріп отырады. Осының бәрі сайып келгенде белгілі бір тауардың екі есе қымбаттауына әкеп соғады. Біз де бұл жерде еріккеннен тұрған жоқпыз. Аптап ыстықта да, телегей-теңіз жауған жаңбырдың астында тұрғанда да алыстан аттай қалап әкелген еңбегіміздің ақталғанын қалаймыз. Әйтпесе, жанымыздан ешқандай баға қосып отырғанымыз жоқ, – дейді Элмира.

**Әсел ҚИБАШ.**

**Суретті түсірген Бердіболат КӨРКЕМБАЕВ.**

Меншік иесі:

**"Қостанай таңы" газеті редакциясы" ЖШС**

**Директор-Бас редактор Жанұзақ АЯЗБЕКОВ**

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69
Директор-бас редактордың орынбасары: 54-84-44
Жауапты хатшы: 54-67-65
Бөлім редакторы: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-68
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42
Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25
Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88, 54-33-22

Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы: 54-54-45
Корректура: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдинде: 2-10-75, 5-00-02
Рудныйда: 8-714-31-2-72-56
Сарыкөлде: 2-25-17

**Редакцияның мекенжайы: 110000, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 90**

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Редакция авторлар мақаласының мазмұнына жауап бермейді.
Ⓐ – ақылы жарияланым.
Газет аптасына үш рет шығады.
Газет Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінде 28.04.2016 жылы тіркеліп, № 15979-Г куәлігі берілген.
Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. "Костанайполиграфия" ЖШС баспаханасы.
Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16.
Бағасы келісім бойынша.

**Таралымы 9154. Тапсырыс 2354. Нөмірдің кезекші редакторы Кенже ҚОНЫСБАЙ.**

100 80 60 40
Синий
Красный
Желтый
Черный